



АҚОРДА



ТАРИХТАН ТҮЛЕГЕН ТАТУЛЫҚ – ЖАҢА БЕЛЕСТІҢ БАСТАУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қытайлық Синьхуа агенттігіне сұхбат беріп, Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас қазір бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге көтерілгенін айтты. Ел Президенті сонымен қатар Астана Бейжіңмен мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестікті дәйекті түрде нығайтуға, оны жаңа мазмұнмен толықтырып, ынтымақтастыққа жаңа жол ашуға әзір екенін мәлімдеді.

Президент алдымен Қытай мен Қазақстанды ортақ шекара мен сан ғасырлық тату көршілік тарихы байланыстыратынын атап өтті.

«Қазақ халқы «Жолы бірдің – жүгі бір» дейді. Екі ел арасындағы дәл осындай қарым-қатынас халықтарымыздың түпкі мүдделеріне сай келеді әрі бүкіл Еуразия кеңістігіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды фактор саналады. Стратегиялық серіктестігіміздің шын мәнінде жан-жақты сипат алғанын ерекше атап өткім келеді. Ол сауда, инвестиция, энергетика мен көліктен бастап, өнеркәсіптік кооперация, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, медицина, ғылым, білім және мәдениетке дейінгі барлық негізгі саланы қамтып отыр», — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты сауда жана рекордтық көрсеткішке жеткеніне тоқталды. Қытай Қазақстанның сыртқы сауда серіктестері арасында бірінші орында тұр. Тағы бір стратегиялық бағыт — көлік және логистика. Қазақстан — Шығыс пен Батысты тоғыстырып жатқан өңір. «Қытайлық серіктестерімізбен бірге осы географиялық артықшылықты Еуразия ауқымындағы

заманауи көлік-логистика инфрақұрылымына айналдырып келеміз», — деді ол. — «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын дамыту, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын ілгерілету, жана теміржол желілерін салу, құрғақ порттар мен логистикалық терминалдарды кеңейту, шекаралық инфрақұрылымды жаңғырту Азия мен Еуропа арасындағы көлік байланыстарының мүлде жана жүйесін қалыптастырып келеді».

Қазақстан басшысының айтуынша, Транскаспий халықаралық көлік бағытын, яғни бүгінде Қытай мен Еуропа арасындағы көлік қатынасының аса маңызды буынына айналып келе жатқан Орта дәлізді дамыту — ынтымақтастық аясындағы басымдықтардың бірі. «Ортақ міндетіміз — осы бағыттың бәсекеге қабілеттілігін барынша арттыру. Сондықтан «ақылды кеден» жүйесін енгізуге, құжат айналымын цифрландыруға, ақпараттық жүйелерді өзара үйлестіру мен шекаралық рәсімдерді автоматтандыруға айрықша мән береміз», — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы, Вьетнам Социалистік Республикасының Президенті То Лам мен оның отандастарын Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент бұл мерекені Вьетнам халқының бірлігі мен жасампаз рухының, сондай-ақ елдің тұрақты дамуы мен өркендеу жолындағы ұмтылысының жарқын нышаны ретінде атап өткен.

Сонымен қатар бірлескен күш-жігердің арқасында стратегиялық серіктестік қос халықтың игілігі жолында қарқынды дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев То Ламның жауапты қызметіне толайым табыс, ал Вьетнам халқына құт-береке тіледі.

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА МИНИСТРДІ ТАНЫСТЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі лауазымына Мұхтар Тілеуберді тағайындалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ерлан Қарин ведомство ұжымына жана министрді таныстырды.

Вице-Президент жана Конституция күшіне енгеннен кейін еліміздің саяси-мемлекеттік моделінде жаңғыру үдерісі басталғанын айтты. Сондай-ақ бір палаталы Құрылтай депутаттарының сайлауы өтіп, қазіргі уақытта Олжас Бектенов басқаратын жана Үкімет құрамы жа-



сакталып жатқанына тоқталды.

Ерлан Қарин сыртқы саясат саласында тәжірибесі мол Мұхтар Тілеуберді Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді тиімді орындайтынына сенім білдірді.

Ол жана министрмен министрлік ұжымының алдағы қызметіне табыс тіледі.

Сондай-ақ Вице-Президент Сыртқы істер министрі лауазымындағы абыройлы қызметі үшін Ермек Көшербаевқа алғыс айтты.

ҰСТАНЫМЫ ОРТАҚ БІРЕГЕЙ ҰЙЫМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы қонақжайлық танытып, жиынды жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа және барша қырғыз халқына ризашылығын білдірді.

— Кездесуіміз бізге туыс елдер — Қырғызстан мен Өзбекстан тәуелсіздігінің 35 жылдығын мерекелеу күндерімен тұспа-тұс өтіп жатыр. Мұның символдық мәні зор. Орайлы сәтті пайдаланып, әріптестерім — құрметті Садыр Нургожоевич Жапаров пен қадірлі Шавкат Миромонович Мирзиёевті осы маңызды әрі тарихи күнмен құттықтаймын. Бауырлас халықтарға бак-береке тілеймін! — деді Қазақстан Президенті.

ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ БЕЛЕС

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ширек ғасырда Шанхай ынтымақтастық ұйымы «Шанхай бестігінен» бастап Еуразияның үлкен бөлігін қамтитын және адамзаттың жартысына жуығын біріктіретін ірі халықаралық ұйымға айналды.

— ШЫҰ — әртүрлі, бірақ рухы бір елдердің бірегей бірлестігі ретінде ішкі мәселеге араласпау, егемендікті құрметтеу, өзара сенім, ашықтық пен ынтымақтастық қағидадтарын іс жүзінде жүзеге асырып келеді. Бүгінде ол шын мәнінде табысты, ықпалды әрі сұранысқа ие халықаралық құрылымға айналды. Әйтсе де, біздің Ұйым құрылған сәттен бері әлем айтарлықтай өзгерді. Көз алдымызда халықаралық қатынастардың жана жүйесі қалыптасып жатыр. Бірігуден гөрі жікке бөліну, ынтымақтастық ниетінен гөрі геосаяси бақталастық басым түсіп, мүдделер тенгерімін іздеудің орнына араздық өршіп барады. Өзара сенімге селкеу түсті. Онсыз ең мықты халықаралық институттардың өзі бірте-бірте сын-қатерлерге төтеп беру қабілетінен айырылады. Осы орайда, біздің Ұйымның маңызы арта түседі. ШЫҰ әскери-саяси блок логикасынан тыс әрекет етеді әрі оның қызметі қандай да бір мемлекетке қарсы бағытталмаған. Ұйым мүлдем басқа саяси философияға, яғни түпкі өзегінде прогресс жолындағы ортақ бастамалар идеясы жатқан «Шанхай рухына» сүйенеді. Біздің басты мақсатымыз —



қуатты әрі өркендеген ШЫҰ қоғамдастығын құру, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қырғызстан Шанхай ынтымақтастық ұйымына табысты төрағалық еткенін айрықша атап өтті.

— Қазақстан қырғыз ағайындарымыз бен серіктестеріміздің Ұйым бірлігін нығайту және оның сан қырлы әлеуетін ашу жолында атқарған мәнді де мазмұнды жұмысын жоғары бағалайды. Бүгінгі отырыстың қорытындысы ШЫҰ-ның халықаралық беделін одан әрі көтеріп, қызмет тиімділігінің артуына және жаһанның құбылмалы жағдайында нақты стратегиялық мүдделердің қалыптасуына септігін тигізетініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қол жеткен жетістіктерді алға тартып, «Шанхай ондығына» кіретін елдердің бәрі үшін айрықша маңызға ие басты бағыттарға тоқталды.

— Қауіпсіздік саласындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту. ШЫҰ құрамында Еуразияның ірі мемлекеттері бар. Жаңадан сұлбаланып келе жатқан әлемдік тәртіптің тұрпаты қандай болмағы көбіне осы елдердің ұстанымына байланысты. Бұл ретте Ұйымға ерекше жауапкершілік жүктеледі. Еуразия құрлығындағы стратегиялық тұрақтылық және сенім шаралары бойынша министрлер деңгейіндегі ШЫҰ конференциясын өткізу қажет деп санаймыз. Аталған іс-шараның күн тәртібінде әскери тәуекелдерді азайту, қарулану жарысын тежеу және қауіпті оқиғалардың алдын алу мәселесін талқылауға бола-

ды. Әсіресе, қарулы қактығыстардың салдары көбіне әскери іс-қимыл аймақтарынан тыс-қары жерді шарпып, халықаралық нарықтарға, коммерциялық кеме қатынасына, орнықты энергетикалық және көлік байланыстарына нұқсан келтіріп жатқаны алаңдатады. Сонымен қатар дағдарыстың трансшекаралық сипатта белең алу қаупі күшейіп келеді. Бұрыннан келе жатқан сын-қатерлер де өзектілігін жойған жоқ. «Үш зұлым күшпен» — терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен күрес өзара ықпалдастығымыздың басым бағыты болып қала береді. Олар трансұлттық қылмыспен, есірткі тасымалымен, заңсыз қару айналымымен және киберқауіппен астасып жатыр. Қазақстан Сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы іс-қимыл жөніндегі әмбебап орталықтың, сондай-ақ ШЫҰ Есірткіге қарсы орталығының мақсаттары мен міндеттерін қолдайды. Бұл құрылымдардың қызметі мемлекеттеріміздің құзырлы органдары арасындағы іс-әрекетті үйлестіруді жана деңгейге көтеріп, осы бағыттағы бірлескен жұмыстың нәтижесін жақсартатынына сенімдімін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестік аясын кеңейтудің стратегиялық мәні зор. Мемлекет басшысы күш-жігер жұмылдыру нәтижесінде ШЫҰ елдерінің өзара тауар айналымы бір триллион долларға таып қалғанына назар аударды.

(Жалғасы 2-бетте)

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАНЫЛҒАН ТӨЛ ТҰҚЫМ

Елімізде биыл алғаш рет тазы мен төбет күні аталып өтіледі. Халқымыздың танымындағы айрықша орны бар осы екі тұқымға қатысты олардың мәртебесін көтеру, сол арқылы ұлттық санамаызды бекіте түсу идеясын алғаш Мемлекет басшысы көтерген еді. Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев тазыға ерекше мән беру жайында әңгіме қозғағаны есімізде. Ал осыдан тура бір жыл бұрын қазақы тазы тұқымын ұлттық бренд әрі мәдениетіміздің ажырамас бөлшегі ретінде халықаралық деңгейде кеңінен насихаттауды тапсырды.

Тазы тұқымын дамыту және бірегей қасиеттерін сақтау, жүйелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, халықаралық көрмелерге тұрақты қатысу сияқты бағыттардан тұратын бұл іске Қазақстан кинологтар одағымен қатар мемлекеттік органдар да белсенді атсалысуға тиіс екенін қадап айтқан болатын. Соған байланысты Үкіметтің 2026 жылғы 15 сәуірдегі қаулысына сәйкес, жана мерекесі 3 қыркүйекке қойылды. Осыдан екі жыл бұрын Амстердамда қазақ тазысы алдын ала танылып, Қазақстанға стандарт иесі мәртебесі берілген еді. Дегенмен халықаралық деңгейде толық тану 2034 жылдан кейін ғана бітеді.

(Жалғасы 4-бетте)



3 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ



ТАРИХТАН ТҮЛЕГЕН ТАТУЛЫҚ – ЖАҢА БЕЛЕСТІҢ БАСТАУЫ

(Басы 1-бетте)

«Қазақстан мен Қытай арасында ықпалдастықтың жаңа белесі басталды. Бүгінде ынтымақтастық нақты сектордағы дәстүрлі бағыттардан бастап, цифрлық экономика саласындағы серіктестікке дейінгі кең ауқымды қамтиды», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2026 жыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланды. «Жуырда Жасанды интеллект жөніндегі дүниежүзілік конференцияға қатысу үшін Шанхайға барған сапарымда Қытайдың жетекші технологиялық компанияларының басшыларымен мазмұнды кездесулер өткіздім. Цифрлық экономика, зияткерлік өндіріс, электрондық коммерция, ғылыми зерттеулер және кадр даярлау салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қос тарапта мүдделі. Дәл осы технологиялық ынтымақтастық қазақ-қытай қарым-қатынасының жаңа кезеңіндегі маңызды бағыттардың біріне айналуы мүмкін», — деді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект бүкіл адамзаттың игілігіне қызмет етуге тиіс екенін атап өтті. Мемлекет

өзара үйлесімді жұмысты жалғастырады. Сондай-ақ «Орталық Азия — Қытай» форматындағы ынтымақтастықты толық қолдайды.

Президент биыл Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылғанына 25 жыл толғанына назар аударды. Оның пайымдауынша, Ұйым ең басты құндылығы — өзара сенімге, тең құқық пен диалогқа, мәдени әралуандықты құрметтеуге және бірлескен дамуға ұмтылатын «Шанхай рухын» сақтап қалды. Қазақстан Президенті бұл қағидаттарды халықаралық ынтымақтастықтың өзіндік «стандарты» ретінде бағалайтынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық қатынастардың орнағанына 35 жыл толатынына тоқталды. Бұл ретте саяси және экономикалық байланыстармен қатар, екі ел азаматтары арасындағы тікелей қарым-қатынастар да белсенді дамып келеді. 2026 жылы Қазақстан мен Қытайдың «Мәдениет жылын» өткізуі осы үрдістің жарқын дәлелі болды.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қытайда ондаған мың қазақстандық студент білім алып жатыр. Сонымен қатар Қазақстан университеттерін



заманауи технологияларға, білім мен есептеу ресурстарына әділ қол жеткізуі қажет. «Бұл мәселеде біздің ұстанымымыз Қытайдың көзқарасымен үндеседі. Биыл шілде айында Шанхайда Қазақстан Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық жөніндегі дүниежүзілік ұйымның (WAICO) негізін қалаған 29 мемлекеттің қатарына қосылды. Бұл — жасанды интеллект саласында мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіретін ашық әрі тиімді халықаралық жүйе қалыптастыру жолындағы маңызды кадам», — деді ол.

Қазақстан мен Қытай халықаралық аренада да белсенді әрі қарқынды ықпалдастық орнатып отыр. «Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының орталық рөлін нығайту, халықаралық құқық қағидаттарын қорғау, медиация мен шынайы көпжақтылықты ілгерілету, сондай-ақ қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеу мәселелері бойынша ұқсас ұстанымдарды басшылыққа аламыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның «Біртұтас Қытай» саясатын берік ұстанатынын және мемлекеттердің аумақтық тұтастығы қағидатының бұзылуына қарсы екенін атап өтті. Қазақстан БҰҰ, ШЫҰ және АӨСШК аясында Қытаймен

тандайтын Қытай азаматтарының саны да артып келеді. Қазақстанда Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары, «Лу Бань шеберханалары» табысты жұмыс істеп жатыр. Академиялық ұтқырлық, сондай-ақ жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық бағдарламалары да кеңейе түсуде.

Өзара визасыз режимнің енгізілуі туризм саласының дамуына айтарлықтай серпін берді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, 2025 жылы Қазақстанға келген қытайлық туристер саны 962 мың адамға жетті. Бұл 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 47 пайызға көп.

«Қытайлық достарымызға Қазақстанда етене танысатын дүние жеткілікті. Заманауи елордамыз бен көне Түркістанды, Алматының асқарлары мен Маңғыстаудың бірегей бедерін, Ұлы дала мен Ұлы Жібек жолының мұрасын, музыкамызды, ұлттық дәм мен аспаптарымызды, қонақжай қалпымызды көрсеткіміз келеді. Сонымен қатар Қазақстан да ежелгі өркениет елі әрі бүгінде даму жолында таңғаларлық үлгі көрсетіп отырған Қытайды зор қызығушылықпен танып-біліп келеді», — деп сөзін түйіндеді Президент.

АҚОРДА

ҰСТАНЫМЫ ОРТАҚ БІРЕГЕЙ ҰЙЫМ

(Басы 1-бетте)

— Алайда, біздің пікірімізше, экономикалық байланыс мүмкіндіктерін әлі толық пайдалана алмай отырмыз. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ресурстық, өндірістік және технологиялық әлеуетін барынша пайдаланып, жаңа өсім бағыттары мен орнықты іскерлік байланыстарды түзу маңызды. Қазақстан ШЫҰ-ның кең ауқымды сауда-инвестициялық кеңістігі қалыптасқанын қалайды. Кедергілері мейлінше аз, цифрлық процедуралар мен көлік-логистикалық байланыстарды дамыған орта құрып, уағдаластықтардан нақты бастамаларға көшу керек деп санаймыз. Пилоттық жоба ретінде индустриялық консорциумдар тетігін енгізуді ұсынамыз. Бұл мемлекеттерге басқа қатысушыларды күтпей-ақ, пісіп-жетілген жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кейін табысты бастамаларды тұтас Ұйым аумағында жаппай таратуға болады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент қазіргі шекара маңындағы ынтымақтастық орталықтарының базасында ШЫҰ траншекаралық сауда аймақтарын іске қосуға болады деп санайды.

— Осы арқылы тауар алмасудың оңтайланған тәсілін, цифрлық рәсімдерді және заманауи есеп айырысу тетіктерін сынап көруге болады. Тағы бір басым бағыт — толыққанды инвестициялық контур қалыптастыру. Қазақстан Қытайдың ШЫҰ Даму банкі құру туралы бастамасын қолдайды. Қаржы ұйымының ресурсын, ең алдымен, инфрақұрылымдық, технологиялық және өнеркәсіп жобаларына бағыттаған жөн. Мүше мемлекеттердің ортақ ұйғарымы болған жағдайда, Қазақстан аталған институтты, оның штаб-пәтерін өз аумағында орналастыруға дайын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЙЫМДЫ РЕФОРМАЛАУ ӨЗЕКТІ

Мемлекет басшысы Еуразияның заманауи көлік-логистикалық қанқасын құру ісін жеделдетуді ұсынды. Оның пікірінше, мемлекеттердің географиялық байланысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының стратегиялық артықшылығы саналады.

— Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын Транскаспий халықаралық көлік бағдарымен, Солтүстік — Оңтүстік дәлізімен, сондай-ақ Орталық және Оңтүстік Азияның перспективті сауда жолдарымен ұштастыруға баса мән береді. Еліміз көлік саласындағы бастамаларды Шанхай ынтымақтастық ұйымы аумағында ілгерілетуге әзір. Ол үшін кеден рәсімдерін цифрландырып, электрондық құжаттарды өзара тану, «жасыл дәліз» қағидаатын және басқа да заманауи тетіктерді қолданған жөн. Бұл ретте ШЫҰ Бірыңғай транзит цифрлық платформасын құру тиімді тәсіл болар еді. Ол үйлесімді цифрлық шешімдер негізінде жүктің жөнелту пунктінен соңғы нүктедегі алушыға дейін кедергісіз өтуіне мүмкіндік береді. Құқықтық-нормативтік базаны нығайту үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2035 жылға дейінгі Көлік байланысы стратегиясын әзірлеп, қабылдауды ұсынамыз, — деді Президент.

Тағы бір басым бағыт ретінде жаңа технологиялық жүйе қалыптастыру айтылды. Президент жасанды интеллекті мен цифрлық технологиялардың қарыштап дамуы ШЫҰ елдерінен өзгерістерге бейімделуді ғана емес, озық шешімдерді де талап етеді деп санайды.

— ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ғылыми, инновациялық әлеуеті мол. Сондықтан тәжірибе алмасумен ғана шектелмей, жасанды интеллект экожүйесін дәйекті түрде қалыптастыра отырып, технологияларды бірлесе ойлап табуды және қызыреттілікті арттыруды жеделдетуге болар еді. Қазақстан осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді қалайды. Биыл еліміз Қытайдың бастамасымен құрылған Дүниежүзілік жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық ұйымының (WAICO) негізін қалаушылардың бірі болды. Сондықтан Ұйымға мүше елдердің жетекші университеттерінің, ғылыми мекемелерінің және технологиялық компанияларының қатысуымен ШЫҰ аясында Жасанды интеллект орталықтарының желісін құруды ұсынамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Шанхай ынтымақтастық ұйымын реформалау мәселесі әлі де өзекті екеніне назар аударып, бұл жұмысты сыртқы саясат ведомстволарына жүктеуді ұсынды.

— Сөз соңында Қазақстан ШЫҰ аясындағы сан қырлы ынтымақтастықты жаңа әрі сапалы деңгейге көтеруге барынша күш салуға дайын екенін тағы да растаймын. Өзара сенім мен ықпалдастықтың арқасында біз бұдан да биік белестерді бағындыратынымызға кәміл



сенемін. Еліміз осы жолды бірге еңсеруге әзір, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар жиында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моді, Иран Президенті Масуд Пезешкиан, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

БАЛАМАСЫ ЖОҚ БІРЛЕСТІК

Бұдан кейін Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы «ШЫҰ плюс» форматында жалғасты. Президент саммитте сөз сөйлеп, Қырғызстанның ШЫҰ-ға төрағалығы жоғары деңгейде өтіп жатқанын айтты.

— Қырғызстан Ұйым мүшелерін жұмылдырып, біздің ұсыныстарымыздан «Тұрақты бейбітшілік, даму және өркендеу жолындағы бірлік» ұраны аясында мазмұнды күн тәртібін қалыптастырды. Бішкек саммитінің қорытындысы ортақ мақсаттарға бір табан жақындағып, Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықты сақтайтын басты тіректердің бірі ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымын нығайта түсетініне сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ортақ стратегиялық міндетке тоқталды. Оның пайымдауынша, күш көрсету культі мен конфронтация орнына өзара жауапкершілік, бірлесе даму және ұзақмерзімді ынтымақтастық салтанат құратын жаңа әлемдік тәртіп қалыптасуға тиіс.

— Халықаралық аренадағы мұндай ықпалдастықтың ең үлгілі моделі «Шанхай рухы» екенін ШЫҰ-ның көпжылдық тәжірибесі анық көрсетеді. Ұйым қызметіндегі теңдік пен консенсус қағидаттары, шын мәнінде, көпжақты ынтымақтастықты табысты дамытудың үздік өлшеміне айналды. Сондықтан ШЫҰ-ның басты қағидаттарын Халықаралық көпжақты ынтымақтастық және бейбітшілік жолындағы дипломатия күніне арналған БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы қарарында бекітуді ұсынамын, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазіргі жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде Қазақстанда соңғы жылдары ауқымды саяси және экономикалық реформалар жүргізілді.

— 1 шілде күні күшіне енген жаңа Конституция еліміздің орнықты дамуына берік негіз қалады. Ата заң ережелері жаңа мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырды. Бұл өзгерістер әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайтуға, сондай-ақ Әділетті, Озық Қазақстанды құруға бағытталған. Жаңа заң шығарушы орган — бір палаталы Құрылтай қызметіне кірісті, — деді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев реформалардың табысты жүзеге асуына және Құрылтай сайлауына арнайы лебізін жолдаған мемлекеттер басшыларына алғыс айтты. Сондай-ақ Қазақстан теңгерімді, сындарлы әрі бейбіт сыртқы саясаттан ешқашан айнымайтынын растады.

Бұдан кейін Президент Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметін одан әрі жетілдіруге қатысты пікір білдірді.

— БҰҰ атына жиі сын айтылады. Кейбір сын орынды болса да, бәрібір бұл Ұйымның баламасы жоқ. Оны нығайту, тиімділігін арттыру — ортақ міндетіміз. БҰҰ-ның аймақтық құрылымдармен, соның ішінде ШЫҰ-мен тығыз ықпалдастығы осы мақсатқа сай келеді. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық жүйенің өзегі, ал оның Жарғысы халықаралық құқықтың әмбебап негізі болып қалуға тиіс деп санайды, — деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміз БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің халық-

аралық құқықты қорғауға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Бас хатшының бастамасымен қолға алынған реформа БҰҰ-ның әмбебап сипатын сақтап, оны анағұрлым тиімді, нақты нәтижені көздейтін құрылымға айналдыруға тиіс. Ал өзгерістердің сәтті өрбуі саяси ерік-жігер мен Ұйымға мүше мемлекеттердің жауапкершілігіне байланысты.

Бұдан бөлек, Президент орта державалардың рөлі артып келе жатқанына айрықша назар аударды.

— Мұндай елдер түрлі орталықтар арасындағы диалогқа және ұжымдық шешімдер әзірлеуге ықпал ете алады. Олардың ұстанымдары мен бастамалары жаһандық басқару тетіктерінде барынша ескерілуге тиіс. Қазақстан бұл үдеріске белсене атсалысуға дайын. Превентивті дипломатияны нығайтпай, Біріккен Ұлттар Ұйымын институттық тұрғыдан жаңғырту мүмкін емес. Қақтығыстардың алдын алу және дау-дамайды бейбіт жолмен реттеу мәдениетін қалыптастыру үшін ұжымдық күш-жігер керек. Осы бағдарды басшылыққа алған Қазақстан биыл шілде айында Қытай Халық Республикасының бастамасын қолдап, Медиация жөніндегі халықаралық ұйым құру туралы конвенцияға мүше болды, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, жаһандық тұрақтылық жасанды интеллектті дамыту аясындағы жауапкершілікке көбірек тәуелді.

— Жасанды интеллектінің жасампаз әлеуетін ашатын, оның бақылаусыз қолданысына жол бермейтін және цифрлық алшақтықты қысқартатын әмбебап ережелер қажет. Қазақстанның бастамасымен Алматыда БҰҰ Азия-Тынық мұхиты елдеріне арналған экономикалық және әлеуметтік комиссияның (ЭСКАТО) Азия-Тынық мұхиты цифрлық шешімдер орталығы құрылады. Орталық, ең алдымен, дамушы елдердің игілігі үшін озық тәжірибелерді кенінен таратуға септігін тигізеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар су қауіпсіздігі әлемнің күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ретінде аталды.

— Азық-түлік, энергетика және әлеуметтік салалардағы тұрақтылық, сондай-ақ экономикалық даму суға тікелей тәуелді. Дегенмен су ресурстарын жаһандық басқару жүйесі әлі толық қалыптаспаған. Су проблематикасымен БҰҰ-ның ондаған құрылымы айналысады. Алайда кен өкілеттікке не біртұтас үкіметаралық әмбебап ұйым құрылған жоқ. Дәл осы себепті Қазақстан БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымының негізін қалауды ұсынды. Оның міндеті — қолданыстағы тетіктерді қайталамай, керісінше, ортақ істі үйлестіру, үкіметтер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, су ресурстарды жұмылдырып, өзара келісімді шешімдер әзірлеу. ШЫҰ Су мәселелерін талдау орталығы осы жаһандық бастаманы өмірлік деңгейде толықтыра алар еді. БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымы мен ШЫҰ Су мәселесін талдау орталығын құру туралы ұсынысыма мүше мемлекеттер қолдау көрсетеді деп сенемін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы сөз соңында Шанхай ынтымақтастық ұйымының Еуразия кеңістігіндегі елдердің ұзақмерзімді әрі табысты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндігі жеткілікті екенін айтты.

— Жалпыға ортақ әрі біртұтас қауіпсіздік, терезесі тең егемендік пен өзара құрмет қағидаттарын халықаралық қатынастардың ажырамас бөлшегі ретінде бекіту — ортақ жауапкершілігіміз. Шанхай ұйымы қауіпсіз және орнықты әлемдік тәртіпті құруға лайықты үлес қосатынына сенімдімін. Қазақстан Ұйым аясындағы барлық серіктес мемлекеттермен дәл осы бағытта конструктивті жұмыс атқарады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

М.ТӨЛЕУ

САПАЛЫ БІЛІММЕН ҚАМТУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Сыр өңірінде жаңа оқу жылы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы-лардың балаларына көмек көрсетуге бағытталған «Мектепке нық қадаммен!» республикалық акциясы өтті. «Әділет» партиясының Қызылорда облыстық, қала-лық және аудандық филиалдарының ұйымдастыруымен өткен акцияда өңірдегі 1 265 балаға мектеп формасы мен сөмкелер табысталды.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Акция балалардың жаңа оқу жылына қажетті құрал-жабдыктармен толық қамтылуына ықпал ету мақсатында ұйымдастырылып отыр. Мектеп оқушыларының қажеттіліктері білім беру ұйымдары ұсынған арнайы тізім негізінде дайындалды. Оқушыларға қажетті құрал-жабдыктар демеушілер мен партия мүшелерінің қолдауымен жеткізілді. Қызылорда қаласында өткен шараға «Әділет» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, қалалық мәслихат депутаттары, партия мүшелері, демеушілер мен білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

«Балаға жасалған қамқорлық — оның бүгінгі қуанышымен қатар, ертеңгі сеніміне де әсер етеді. Осы мақсатта өңір бойынша 1 265 балаға мектеп формасы мен сөмкелер табысталды. Бұл — ортақ қолдаудың нәтижесі. Акцияны іске асыруға атсалысқан партия мүшелеріне, депутаттарға және демеу-шілерге алғыс білдіреміз», — деді Жандос Базартай.

Акцияға жергілікті кәсіпкерлер де үлес қосты. Атап айтқанда, өңірге белгілі Dalatex тігін цехы 100-ден астам оқушыға арналған мектеп формаларын демеушілік көмек ретінде дайындады.

Мұндай шараны ұйымдастыруда кәсіпкерлермен қатар қоғамдық ұйымдардың және белсенді азаматтардың да еңбегі зор. Осындай әлеуметтік бастамалар бірінші кезекте балаларды жаңа оқу жылына дайындау ісіне қосымша қолдау болды деп айтуға болады. Әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар үшін мектеп формасы мен оқу құралдарына кететін шығынын азайтатын нақты қолдаудың бірі ретінде жоғары маңызға ие.

Сонымен қатар Білім күніне орай «Әділет» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде өткен салтанатты іс-шараға да қатысып, оқытушылар мен студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтады.

Жалпы, Сыр өңіріндегі 90 жылға жуық тарихы бар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті аймақтың білім мен ғылым саласының қалыптасуына елеулі үлес қосып келе жатқан іргелі оқу орындарының бірі саналады. Осы уақыт ішінде университет қабырғасынан ел дамуына қызмет еткен талай білікті маман түлеп ұшып, заман талабына сай кадр даярлау бағытындағы жұмыстар жарасымды жаңасын тауып келеді.

Білім мерекесіне орай партия филиалы-ның төрағасы өңірдегі Қызылорда ашық университетінің жаңа оқу ғимаратының салтанатты ашылу рәсіміне де қатысты. Бұл жаңа нысанның пайдалануға берілуі білім беру мүмкіндіктерін кеңейтіп, оқу үдерісін жетілдіруге және студенттер үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға бағытталып отыр.

Салтанатты шарада партияның облыстық филиалының төрағасы білім нысандарының заманауи материалдық-техникалық базасын кеңейтіп, білікті педагог, қолайлы оқу ортасын қалыптастыру және жастардың сапалы білім алуға тең мүмкіндігін арттырудың маңызына тоқталды.

«Білім беру саласын дамыту — мемлекет үшін стратегиялық міндет. «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасында білім сапасын арттыру, оқу орындарының инфрақұрылымын жетілдіру, педагогтардың кәсіби дамуына жағдай жасау және жастардың білім алуға тең мүмкіндігін қамтамасыз етуге басымдық беріліп отыр. Бұл — адами капиталды күшейтіп, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға бағытталған маңызды міндет саналады», — деді Ж.Базартай.

Жалпы, партия тарапынан білімге бағытталған әрбір жүйелі бастаманың саланы дамыту, әлеуетін арттыру бағытында маңызы айрықша. Өйткені бүгінгі оқушы мен студентке жасалған қамқорлық жас ұрпақтың білім көкжиегін кеңейтіп, келешек білікті маман болып қалыптасуына оң ықпал етері сөзсіз.



БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Қарағанды қаласында «Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалында Құрылтай сайлауының қорытындысына арналған іс-шара өтті.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Жиынға партия өкілдері, белсенділер, жастар қанатының мүшелері және сайлау науқанына белсенді атсалысқан азаматтар қатысты.

Кездесу барысында Құрылтай сайлауына дайындық кезеңінен бастап, сайлау науқаны аяқталғанға дейін атқарылған жұмыстар сараланды. Сайлау кезеңінде партия бастамаларын халық арасында кенінен түсіндіру, ақпараттық жұмыстар жүргізу, тұрғындармен кездесулер ұйымдастыру, сайлауалды материалдарды тарату және басқа да ұйымдастырушылық бағыттар бойынша жүйелі жұмыс атқарылды.

Қарағанды облысының әр аудан-қаласында жүргізілген жұмыстарға партия мүшелерімен қатар белсенді жастар да өз үлесін қосты. Ортақ мақсат жолында жұмылған азаматтардың белсенділігі сайлау науқанының маңызды бөлігіне айналды.

Іс-шара барысында «Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков Құрылтай сайлауына қатысып, сайлау науқанының табысты өтуіне үлес қосқан барша азаматқа алғысын білдірді.

— Құрылтай сайлауы баршамыз үшін үлкен жауапкершілік пен маңызды кезең болды. Осы уақыт ішінде ортақ мақсат жолында аянбай еңбек етіп, сайлау науқанына өз үлесін қосқан әрбір азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Халықпен кездесулер өткізіп, ақпараттық және ұйымдастырушылық жұмыстарға қатысып, түрлі бастаманың жүзеге асуына атсалыстыңыздар. Әрқайсыңыздың еңбегіңіз бен қолдауыңыз ортақ нәтижеге жетуге мүмкіндік берді. Бұл баршамамыздың аузыбіршілігіміздің, жауапкершілігіміздің және адал еңбегіміздің нәтижесі. Бүгінгі кездесудің басты мақсаты — сіздердің еңбектеріңізге алғыс айтып, көрсеткен қолдауларыңызды ерекше атап өту, — деді Бекзат Алтынбеков.

Жиында жастардың сайлау науқанына қатысуы да ерекше атап өтілді. «Жастар Рухы» жастар

қанатының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Арафат Мажитов сайлау науқаны барысында жастардың атқарған жұмысына тоқталып, белсенділерге алғысын білдірді.

— Бір ай бойы сіздермен бірге адал әрі жемісті еңбек еттік. Халықпен кездесіп, тұрғындармен тығыз байланыста болдық, түрлі іс-шараны ұйымдастырып, өзіміз де белсенді қатыстық. Осы бір ай ішінде әрқайсысымыз жаңа, баға жетпес тәжірибе жинақтап, жаңа достар таптық. Бұл уақыт біз үшін үлкен мектеп болды деп ойлаймын. Ең бастысы, бір нәрсені әрдайым есте сақтағандарыңызды қалаймын: сіздердің еңбектеріңіз біздің партиямыздың жеңісіне қосылған үлкен үлес. Бұл жеңіс барлығымыздың бірлігіміз бен еңбегіміздің нәтижесі, — деді «Жастар Рухы» ЖК Қарағанды облыстық филиалының төрағасы.

Іс-шараның басты бөлігінде Құрылтай сайлауында белсенді жұмыс атқарып, партиялық міндеттерді жауапкершілікпен орындаған активистерге «Әділет» партиясының атынан алғысхаттар табысталды.

Марапат иелерінің қатарында сайлау науқаны барысында ұйымдастырушылық, ақпараттық және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан азаматтар болды. Олардың еңбегі үлкен ортақ жұмыстың бір бөлшегі.

Кездесу барысында қатысушылар өткен сайлау науқанының қорытындыларын талқылап қана қоймай, алдағы кезеңдегі міндеттер жөнінде де пікір алмасты. Жиын соңында белсенділерге алдағы уақытта да қоғамдық бастамаларға белсене араласып, ел дамуына өз үлесін қосу қажет екені айтылды.

Құрылтай сайлауының қорытындысына арналған бұл кездесу атқарылған жұмыстарды саралаумен қатар, ортақ іске үлес қосқан азаматтарға құрмет көрсетудің де маңызды сәті болды.

Ең бастысы, сайлау науқаны көрсеткендей, ортақ мақсат жолында біріккен азаматтардың белсенділігі мен жауапкершілігі кез келген істің нәтижелі болуына негіз болмақ.

500-ден АСТАМ БАЛАҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ



Жамбыл облысында «Әділет» партиясының «Мектепке нық қадам-мен!» акциясы айрықша қарқын алды. Жаңа оқу жылы қарсаңында ұйымдастырылған баянды бастама аясында 500-ден астам балаға мектепке қажетті оқу құралдары мен керек-жарақтарды алуға қол-дау көрсетілді.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Акцияның басты мақсаты — әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалардың жаңа оқу жылын өз қатарларымен бірге сенім-ді бастауына мүмкіндік жасау. Жоба

аясында өмірлік қиын жағдайға тап болған, ерекше білім беру қажеттіліктері бар, сондай-ақ көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына көмек көрсетілді.

Облыста балаларға қолдау көрсету олардың нақты қажеттілігіне қарай

ұйымдастырылды. Балалар мен олардың ата-аналарына мектепке қажетті заттарды өз таңдауы бойынша алуына жағдай жасалып, қажетті оқу құралдары, мектеп формасы және өзге де керек-жарақтарды таңдауға мүмкіндік туды. Бұл ретте көмек алушыларды қандай да бір әлеуметтік санатқа бөліп көрсетуге жол бермей, балалардың ар-намысы мен жеке шекарасын сақтау, қолдауды барынша ыңғайлы әрі қолайлы форматта ұйымдастыруға басымдық берілді.

Акцияға «Әділет» партиясының Жамбыл облыстық филиалының активі, саяси кеңес мүшелері мен партия жақтастары қолдау білдіріп, бастамаға демеушілік жасады.

— Баланың мектепке дайындалуы — ата-ана үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды мәселе. Кейде қарапайым ғана мектеп сөмкесі немесе қажетті оқу құралы баланың жаңа оқу жылын алаңсыз бастауына үлкен әсер етеді. Сондықтан біз көмекті нақты қажеттілікке қарай ұйымдастырып, балалардың өзіне керекті заттарын таңдауына мүмкіндік тудырдық. Бастысы — әр бала мектеп табалдырығын өзіне деген сеніммен аттасын, — дейді «Әділет» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дәурен Каипов.

Партия өкілдерінің айтуынша, мұндай әлеуметтік бастамалардың мәні тек материалдық қолдау көрсетумен шектелмейді. Балаларға көңіл бөлу,

олардың білім алуына жағдай жасау және отбасының әлеуметтік жағдайына қарамастан әр баланың өз мүмкіндігін толық жүзеге асыруына қолдау көрсету — қоғамдағы өзара жауапкершілік пен қамқорлық мәдениетін қалыптастырудың маңызды бөлігі.

Акция барысында балаларға қажетті оқу құралдары мен мектепке арналған керек-жарақтар табысталды. Сонымен қатар балалардың қауіпсіздігіне, жеке

деректерінің қорғалуына және олардың әлеуметтік жағдайына байланысты ыңғайсыздық сезінбеуіне ерекше назар аударылды.

«Мектепке нық қадаммен!» республикалық акциясы 26 тамызда басталып, 1 қыркүйекке дейін облыста жалғасын тапты. Нәтижесінде 500-ден астам балаға қолдау көрсетіліп, балалардың көңілін шаттыққа бөледі. Бұл әріне бас бармақпен бағалайтын дүние.



СЕРПІН

3 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАНЫЛҒАН ТӨЛ ТҰҚЫМ

(Басы 1-бетте)

Ербол ТҰРЫМБЕТ
ПРЕЗИДЕНТТЕР ДЕ ТАЗЫ ҰСТАЙДЫ

Қазақ дәстүрінде «жеті қазынаның бірі», «адамның досы» сынды ұғымдармен қадірлі орын алған хайуанаттың қазақ түсінігіндегі мәртебесі осылай ресми құжатпен бекітілді. Талай қилы заманда бір ауылды асырап, тынышын күзеткен ит тұқымдарының аңыз қып айтар ерліктері жетерлік. Қала берді, саятшылық құрған сал-серінің де бір серігі осы тазы мен төбет еді. Адамға жақындығымен, тазалығымен, зеректігімен, ақылдылығымен ерекшеленетін ит тұқымдары осындай дара қасиеттері арқылы дәстүрімізге еніп, ұлттық сана-мызбен біте қайнасып кеткен.

Оның үстіне, Мемлекет басшысына сыйға тартылған Наурыз есімді тазысы бар екені белгілі. Одан бөлек, 2023 жылдың қарашасында Франция президенті Эммануэль Макрон Астанаға іссапармен келіп, «Этноауыл» көрмесін аралап, қазақ халқының бай мәдени мұрасымен танысқанда ол да екі тазы күшігімен олжалы қайтқан еді. Көрме орталығын тамашалау барысында оған қазақы тазының тұқымы ерекше ұнаған болатын. Сол кезде Қасым-Жомарт Тоқаев франциялық әріптесіне тазы сыйлауға уәде берген-ді. Кейін Парижге қазақы тазының бес айлық екі күшігі жеткізілді. Сондай-ақ оларға күшіктерді тамақтандыру және үйрету жөніндегі нұсқаулық та берілді. Француздар ол күшіктерге Жюль және Жанна деп ат қойды. Арادا бір жыл өткенде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Францияға іссапармен барғанда қос тазының қалай өскеніне куә болып қайтты. Президенттер Елисей сарайының бағында серуен құрып, бейресми әңгіме өрбіткен шақта Жюль мен Жанна оларға еріп жүрді.

Тазы мен төбет күнінің 3 қыркүйекке келуінің себебі де бар. Дәл осы күні 2024 жылы Халықаралық кинология федерациясы



(FCI) қазақ тазысын алдын ала негізде ресми түрде танып, тұқымға №372 стандартын бекітіп, Қазақстанды шыққан елі ретінде белгіледі. Ал жалпы ұлттық ит тұқымдарын сақтау жөніндегі жүйелі жұмыс 2023 жылғы қаңтарда қазақ ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша арнайы заң қабылданғаннан кейін мемлекеттік негізге ие болды. Заннамалық деңгейде қазақ ит тұқымдары, асылтұқымды ит, тұқым стандарты, бірыңғай асылтұқым кітабы ұғымдары және оларды сақтаудың басқа да негізгі тетіктері айқындалды.

Осы жұмыстың басты нәтижелерінің бірі — біз айтып отырған қазақ тазысының халықаралық деңгейде танылуы. Бүгінде Қазақстанның алдында FCI талаптарына сәйкес тұқымды алдын ала танудан түпкілікті тануға дейінгі кезеңнен өту міндеті тұр. Бұл үшін иттердің халықаралық стандартқа сәйкестігімен қатар, жүйелі асылтұқымдық жұмыс, шығу тегінің нақты есебі, тұқымның бірнеше ұрпақ бойы тұрақты өсіп-өнуі, денсаулығы мен мінез-құлқын бақылау,

сондай-ақ тұқымды ірі халықаралық кинологиялық іс-шараларда тұрақты түрде таныстыру қажет.

Дүниежүзілік кинологиялық қауымдастықтың Қазақстанды тазының ресми иесі ретінде мойындауы үшін бұл тұқымды әлемге таныту талап етілгенін айта кетейік. Осыған орай Бельгияда «Желден жүйрік тазы» атты еш жерде жарияланбаған авторлық фотолардың көрмесі өтеді. Шараға Еуропалық парламент депутаттары, Брюссель қаласының халық қалаулылары және басқа да беделді тұлғалар қатысады. Сондай-ақ бұл күні ресми өкілдігі Бельгияда орналасқан Дүниежүзілік кинологиялық қауымдастықтың кеңсесіне сапар ұйымдастырылады.

«ӘМБЕБАП ТАЗЫ» ҚАНДАЙ ТҰҚЫМ?

Тазы өсірумен айналысатын саятшылардың бірі Ұлағат Ханзаданың айтуынша, бұрын қазақта әмбебап тазылар болған. Олар қояннан бастап доңыз, қасқырға дейін ала беретін. Бұрынғы дегеніміздің



«Заң мен тәртіп» тек қазақстандықтарға ғана қатысты емес. Бұл қағиданы елде тұрақты тұратын немесе уақытша келген шетелдіктер де қалтқисыз сақтауға тиіс. Ал Қытай көліктерінің заңбұзар ісі қоғамды бұрыннан алаңдатып жүр. Шығыс көршінің жүргізушілері Қазақстан аумағында жол жүрісі қағидаларын бұза береді. Бір жағынан, жергілікті жол қозғалысы ережелерін жете білмейді, екінші жағынан, оның нөміріндегі иероглифтерді біздің көше камералары «оқымайды». Бұл проблема биыл шешіліп жатыр. Заң бұзған шетелдік көлікке қандай тоспа қойылмақ?

ТАЛАП ОРТАҚ, ТӘРТІП БІР

гендіктен, олар ақыр соңында бақылаусыз қалдырылған. Қазіргі жағдай тек уақытша әкелудің кеден рәсімімен шектеледі және оның өзі тегін: дұрысын айтқанда, Қазақстан бюджетінің есебінен жүргізіледі.

Кеден қызметінің ресми мәліметтері бойынша, 2025 жылы және биылғы жылдың алғашқы 4 айында Қазақстан аумағына 8 мыңнан астам Қытай автокөлігі кірген. Бұл бұрыннан қордаланған мәселені ушықтырып жіберді. Біріншіден, депутаттардың мәліметі бойынша қытайлық мемлекеттік нөмірлерді «Сергек» және басқа отандық фото-бейнетіркеу жүйелері толық көлемде танымайтын көрінеді. Екіншіден, көршінің көліктері қазақстандық ақылы жолдардың ақысын төлемейді. Үшіншіден, қытайлық алып жүк көліктері Қазақстан занымен бекітілген асфальт жолдардағы ауыр көліктердің салмағы мен көлем-габарит шектеуін де сақтай бермейді екен.

Төртіншіден, жол ережесін бұзған жағдайда жауапқа тарту қиын. Тіпті айыппұл салынғанымен, оны өндіріп алуға зар. Бесіншіден, шетелдік көліктер жол апатына себепкер болса, одан зарлап шеккендерге залалды өндіріп алу тетіктері тиімді болмай шықты. Себебі олар жергілікті сақтандыру компанияларының сақтандыру полистерін рәсімдемей келген.

Мұның сыртында жатжұрттық машиналардың иелері Қазақстан бюджетіне уақытша тіркеу, уақытша нөмір алымдарын және әкімшілік алым-салықтарды енгізбейді. Оның орнына шетелдік көліктерге қызмет

көрсетуге, бақылауға, жол салуға, инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге және әкімшілендіруге ел бюджетінің қаражаты миллиардтап шығындалады. Неліктен өзге мемлекеттер мұндай рәсімдерді ресми табыс көзіне айналдырып отырғанда, Қазақстан бұл шығындарды өз мойнына алып, іс жүзінде тегін көрсетуге тиіс деген заңды сұрақ туындайды.

ЖОЛДАҒЫ ТӘРТІП – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Қытай халық республикасының көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы қоғам өкілдері көтеріп жүрген бұл проблема жуырда Үкіметте жеке қаралды. Соның нәтижесінде іс ілгері басты. Мәселен, бағдарламалық қамтылымды жетілдіру арқасында Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы стационарлық және мобилдік кешендер — жол жүрісі қағидаларын бұзуды фото және бейнетіркеу жүйелері енді шетелдік, оның ішінде ҚХР-да тіркелген, иероглиф бар көліктердің мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін (МТНБ) анықтау мүмкіндігіне ие болыпты.

— ҚХР көліктеріндегі МТНБ ерекшелігі сол, ол әкімшілік-аумақтық бірлікті, провинцияны білдіретін иероглифтен, сондай-ақ латын графикасындағы әріптік таңбалар мен цифрлық белгілерден құралады. Біздегі қолданылатын аппараттық-бағдарламалық кешендер иероглифті емес, сол латын

өзі осыдан 25-30 жыл бұрын болған. Қазір ондайлар ілуде бір кездеседі. Әмбебап дейтін себебі, қазіргі тазылар жеке-жеке жіктеліп кетті. Бірі тек түлкіге түссе, екіншісі қоянға ғана шабады. Бүгінде сол бұрынғы әмбебап тазылар тұқымын қайта жаңғыртып шығарсақ деген ниетпен жұмыс істеп жатқан қаншама адам бар.

Маманның пікірінше, тазының дегдарлығы, әбжілдігі, аңшыдан бөлек өзінің жеке функционалдық қасиетінің арқасында өз бетінше аңшылық құрып, аңның қапысын табуы деген сияқты қабілеттері ескерілмей жүр. Егер шетелдік көрмеге апаратын болсақ, тазы өжет, алғыр болуы керек деп санайды. Мысалы, Американың малшыларына шибөрілерден қорғану үшін көмекші ретінде ұсына алсақ, тамаша болар еді.

«Сол секілді төбетке қатысты да бұлыңғыр пікір қалыптасты. Кейде көпшілік төбелесетін алып иттерді елестетеді. Төбетті қазақ «құтпан» деп те атайды, босағаның құты деген мағынада. Оларға қатысты көпшілік бүгінде екіге жарылып кеткен. Бірі түрікменнің алайығын қабылдайды, екіншілері түрлі тұқым араласып кеткен тұқымды айтып жүр. Бірақ мұның барлығы он жылдың шамасында өз-өзінен реттеліп, орнына келетін шаруа», — дейді ол.

Ұлағат Ханзаданың сөзінше, сыртқы формасына қарағанда бізтұмсық, көзі бір-біріне жақын тұратын шашаққұлақтының барлығы бірдей тазы емес. Егер әркім қолындағы тазыларына құжаттарын алып, көрмелерге апарып, сондағы талаптарға сәйкес келетін, бірақ өзіміздің «абориген» тұқымды жоғалтып алмайтындай жұмыс істесе, ең ұтымды жолы осы болар еді.

Бүгінде Қазақстан кинологтар одағының асылтұқымдық жүйесінде 4 мыңға жуық қазақ тазысы тіркелген. Сонымен қатар еліміздің ауылдық жерлерінде бұған дейін орталықтандырылған кинологиялық есепке алынбаған сапалы иттер сақталған. Сондықтан мұндай иттерді анықтау, сұрыптау және құжаттандыру жұмыстары өңірлік асылтұқымдық байқаулар аясында жалғасып келеді.

Қазақ тазысы халықаралық аренада да уақыт өте белсенді таныстырыла бастады. 2026 жылғы маусымда қазақ тазылары Болонья қаласында өткен World Dog Show дүниежүзілік иттер көрмесіне қатысып, жоғары нәтижелер көрсетіп, әлем чемпиондары атақтарын иеленді. Өлбетте, мұндай нәтижелердің маңызы зор. Әлем жекелеген иттерді ғана емес, тұрақты дамып келе жатқан тұтас ұлттық тұқымды көруі керек.

«Біз үшін ұлттық тұқымдардың атауы мен сыртқы бейнесін ғана сақтап қалу жеткіліксіз. Негізгі міндет — олардың табиғи қасиеттері мен функционалдық ерекшеліктерін сақтай отырып, өмірмен тұқым ретінде келешек ұрпаққа жеткізу. Қазақ тазысының халықаралық деңгейде танылуы мемлекет, кинологтар, ғалымдар, селекционерлер мен ит иелерінің бірлескен әрі жүйелі еңбегі нақты нәтиже беретінін көрсетті. Ендігі міндет — осы жұмысты дәйекті түрде жалғастырып, екі ұлттық тұқымның да болашағын қамтамасыз ету», — дейді Қазақстан кинологтар одағының президенті Бауыржан Серікқали.

Қазақы ит тұқымдары көрме-конкурс-тарда ғана емес, күнделікті қызметке де қолданылатын құн алыс емес. Осы күндері Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің кинологтары тазы мен төбетті баулып жатқаны белгілі. Бұған дейін немес және Шығыс Еуропа овчаркасы, малинуа (Бельгия овчаркасы) сияқты жаһанға мәшһүр түрлері өсіріліп, қызметке үйретіліп келсе, енді олардың қатарын ештеп қазақы тазы мен төбет толықтырып жатыр. Иттер әбден дайын болғанда есірткі заттарын іздеуге, жарылғыш заттар мен атыс қаруларын іздеуге, декаларцияланбаған валютаны іздеуге, шабуыл қызметін сүйемдеуге жіберіледі.

Кинологтардың айтуынша, тазы мен төбет күшіктерінің иісшілдігі мен ұшқырлығы ерекше көзге түскен. Сондықтан тазыны атпен бірге іздегізді, із кесу жұмыстарына қолдану көзделіп отыр. Иіс сезу қабілеті өте жоғары болғандықтан, екі тұқым есірткі мен жарылғыш заттарды іздеуге де пайдаланылуы мүмкін.

қонды тіркеу деректері, яғни шекараны кесіп өткенде ұсынған паспорты, оны Қазақстанда қабылдаған тараптың байланыс деректері және басқа мәліметтер негізінде анықталады екен. Содан айыппұл төлеу нұсқамасы толтырылып, қолын қойғызған соң ол жүргізушіге табысталады. Немесе нұсқама оның Қазақстанда уақытша болу кезінде тіркелген мекенжайына, сондай-ақ өзге тәсілдермен жіберіледі.

Ресми мәліметке жүгінсек, 2026 жылдың басынан бері қазақстандық жол жүрісі қағидаларын бұзғаны үшін ҚХР-дың көлік құралдарының 165 жүргізушісі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға жалпы сомасы 9 млн теңгеге әкімшілік айыппұл салынды.

«Ақылы жолдардың ақысын төлемейді», — деген тұжырымға да Үкімет жауап берді. Оның түсіндіруінше, қазір ақылы автомобиль жолдарымен жүру жүйелері, сондай-ақ таразылайтын жүк көлік құралдарының стансалары өткізу пунктеріндегі электронды кезек жүйесімен интеграцияланған. Тиісінше, шетелдік көлік ақылы жолдарға берешек болып қалса, ол шекарадан ары асып шыға алмай қалады. Жүйе осылай тасымалдаушылардың төл міндеттемелерін орындауын бақылауды қамтамасыз ететіні алға тартылды.

Әйткенмен, Үкімет ҚХР көліктерін елімізге кіргенде, жергілікті сақтандыру компанияларынан сақтандыру полистерін сатып алуға міндеттеуден бас тартты. Ондағы уәжі: қаласа, өз бетінше рәсімдей алады. «Қазақстанға уақытша кіретін көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын сақтандыру компаниясының кеңсесіне өзі барып немесе қашықтан электрондық форматта және шекара маңындағы аудандарда орналасқан сақтандыру ұйымдары арқылы рәсімдеуге мүмкіндігі бар», — деп қысқа қайырды бұрынғы Үкімет.

Атап өтер жайт, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ұлттық банкпен бірлесіп, Сақтандыру нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын, сондай-ақ сақтандыру туралы заңның жаңа редакциясын әзірлеп жатыр. Салалық жана заң жобасын алда Құрылтай депутаттары қарайды деп жоспарланған. Оның шеңберінде жол жүрісіне қатысушыларды сақтандыру және қорғау тетіктерін одан ары жетілдіру жолдары қарастырылмақ.

Шетелдік автокөліктердің жүріс-тұрағы қандай елден келгеніне қарамастан, баршаға ортақ талаппен өлшенуге тиіс. Елге кірген әрбір машина Қазақстанның заңнамасын, жол жүрісі қағидаларын және қауіпсіздік талаптарын мүлтіксіз сақтағанда ғана қара жолда өзара құрмет пен теңдік қағидаты үстемдікке ие болады. Жол — дйттеген жеріне аман-сау жету үшін бөріне бірдей жауапкершілік жүктейтін кеністік. Ендеше ұлттына, нәсіліне, басқа нышанына қарамастан әрбір адамның заң алдында тең екені сияқты трасса мен көшедегі қозғалыстың әрбір қатысушысы да бірдей жауапкершілік аркалауы қажет.

Елдос СЕНБАЙ

КӨКЕЙКЕСТІ

3 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

Автожол саласы жаңа кезеңге қадам басты. Жақында Президент телекөпір арқылы «Бейнеу – Сексеуіл», «Қызылорда – Сексеуіл» және «Ұлғайсын – Сексеуіл» жобаларының құрылысын бастауға пәрмен берді. Үш бағыттың тоғысар торабы – Арал ауданындағы Сексеуіл кенті. Бұлар іске қосылса, Қорғас пен Достықтан келетін және ЕАЭО-ның оңтүстік шекарасынан өтетін жүк Ақтау, Құрық порттарына төте жолмен жетеді. Жолаушылардың сапардағы уақыты 15-20 пайызға қысқарады. Жанар-жағармай үнемделеді. Көліктердің тозу көрсеткіші төмендейді. Тасымал арзандайды. Батыстың мұнай-газ кәсіпорындары мен оңтүстіктің аграрлық өңірлері арасында тауар алмасу жылдамдайды. Жол бойында қонақүйлер, асханалар, логистикалық орталықтар, техникалық шеберханалар ашылып, Арал, Бейнеу аудандарында жаңа жұмыс орындары құрылады.

Бірақ мұндай мүмкіндік нақты экономикалық нәтижеге айналу үшін жаңа жолдардың сапасына, құрылысының құнына да мұқият қарау керек. Себебі жолды салу бір мәселе болса, оны уақытында, жоспарланған ақшаға, ұзақ мерзімге салу – басқа мәселе.

Қазақстанда соңғы онжылдықта бірнеше автожол жобасы жүзеге асырылды. Соның бірі — «Солтүстік — Оңтүстік» транзиттік артериясын құрайтын «Қарағанды — Алматы» бағыты. Жалпы ұзындығы — шамамен 946 шақырым. Жолдың негізгі бөлігі төрт жолақты автомагистраль ретінде салынды. Қарама-қарсы бағыттар арнаулы бөлігішпен ажыратылды. Битум-асфальт, цемент-бетон жабындары қолданылды. Нәтижесінде жол жүру уақыты 16-18 сағаттан 8-10 сағатқа дейін азайды. Орталық, солтүстік аймақтардан Алматыға, Қытай шекарасына жүк өткізу әлеуеті үш есе ұлғайды.

Шығыс Қазақстан мен Жетісуды жалғайтын «Талдықорған — Қалбатау — Өскемен» магистралінің де маңызы жоғары. Оның ұзындығы 768 шақырымдай. Негізгі бөлігі ІІ санатты жол болса, елді мекендерге жақын кей ұтаскелер 2 жолақты І 6 санатына ауыстырылды. Бұл бағытта жол жүру уақыты 12-14 сағаттан 7-8 сағатқа кеміді. Алакөлге баратын туристерге де жол жеңілдеді. Қытай шекарасындағы «Бақты» және «Майқапшағай» өткізу пункттеріне жүк тасымалдау жеделдеді. Батыс өңірдегі жойқын жобаның бірі — «Атырау — Астрахань» тасжолы. Құрманғазы шекара бекетінен Атырауға дейінгі бағыттың жалпы ұзындығы — 217 шақырым, қайта жанартылған бөлігі — 212 шақырым. Асфальтбетон жабындысының өстік жүктемесі 13 тоннаға дейін есептелген. Бұл жолда қатынас уақыты 8-10 сағаттан 3-4 сағатқа қысқарған. Ресеймен шекарадағы сауда жағдайы жақсарған. Мұнай-газ саласына қажетті жабдықтарды тасымалдау да оңтайланған.

Ірі жол жобаларының пайдасымен қатар көлеңкелі жағы да бар. Ол — ақша мен уақыт. Мысалы, «Талдықорған — Қалбатау — Өскемен» жобасының бастапқы құны шамамен 163 млрд теңге болған. Кейін 300 млрд теңгеден асып, жоба 84 пайызға қымбаттаған. Құрылыс жұмыстары 2017-2019 жылдары басталып, 2021 жылы бітуге тиіс еді. Алайда толық қозғалыс 2024 жылдың аяғында ғана ашылды. Абаттандыру жұмыстары 2025-2026 жылдарға жалғасты. Жоба Қытайдың «Эксим-банк» заемы мен республикалық бюджеттен қаржыландырылды. Мердігерлер арасындағы қаржылық даулар да құрылыс уақытын ұзартты.

Ал «Атырау — Астрахань» жобасында «Құрманғазы — Атырау» учаскесінің бастапқы бағасы шамамен 80 млрд теңге деп көзделді. Кейін 145-150 млрд теңге болды. Яғни жоба құны 81-87 пайызға қымбаттады. Құрылыс үш жылдай кешікті. Онда Атырау өнірінде жергілікті қиыршықтас кеніштерінің болмауы да рөл атқарды. Материалдарды Ақтөбе мен Мұғалжардан, мың шақырым жерден тасымалдауға тура келді. Теміржол вагондарының тапшылығы ахуалды одан әрі ауырлатты.

«Қарағанды — Алматы» бағытының «Балқаш — Бұрылбайтал» және «Бұрылбайтал — Құрты» учаскелерінде де бағаның үлкен айырмашылығы байқалды. 2018-2019 жылдары бастапқы жиынтық бюджет шамамен 470 млрд теңге делінген. Артынша құны 750 млрд теңгеден асып, өсім 55-60 пайызға жетті. Бастапқы жоспар бойынша учаскелер 2021-2022 жылдары аяқталуға тиіс болатын. Әйтсе де, жол қозғалысы 2024-2025 жылдары ашылды. Кейбір нысандар 2026 жылға дейін күттірді.

Біз атаған үш жобаның тәжірибесі бір заңдылықты көрсетеді. Құрылыс созылса, сметаның өсу қаупі де артады. Жобадағы қате жұмысты ұзартады. Қосымша ақша қажет болса, жоба мерзімі тағы шегерілуі мүмкін.

Жоғары аудиторлық палатаның соңғы бес жылдағы ірі инфрақұрылымдық жобаларға қатысты тексерулерінде әуелгі жобалық-сметалық құнның орта есеппен 40 пайыздан 87 пайызға дейін қымбаттағаны көрсетілгені. Палата мұны жобалау кезіндегі іздестіру жұмыстарының сапасыз жүргізілуімен, құрылыс мерзімдерінің созылуынан туындайтын инфляциялық шығындармен байланыстырады. Ірі

жобаларға қажет битум көлемі, теміржол вагондарының мүмкіндігі де алдын ала есептелмейді екен. Палата мамандарының пайымдауынша, негізгі себептер — жоспарлау сапасының төмендігі, мердігерлерді бақылаудың әлсіздігі, жауапты органдардың сапасыз ЖСҚ-ны көз жұмып қабылдауы. Қолданыстағы заңнама ЖСҚ қайта түзетіліп, мемлекеттік сараптамадан өткен соң келісімшарт сомасын арттыруға мүмкіндік береді.

ЖОЛДЫҢ ЖӨНІ БІР БӨЛЕК

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 45-бабы да мұндай жағдайда қосымша келісім жасауға рұқсат етеді. Зандағы осы бір саңылау жоспарлау мен жобалаудағы кемшіліктерді кейін заңдастыру құралына айналдыруы ықтимал.

Енді жолдың жалпы жағдайына саралайық. Қазақстандағы автожолдардың жалпы ұзындығы — 95,8 мың шақырым. Оның 24,9 мың шақырымы — республикалық маңызы бар жолдар (жалпы желінің шамамен 26 пайызы). Олар «ҚазАвто-Жолдың» басқаруында. Қалған 70,9 мың шақырым, яғни 74 пайызы — облыстық және аудандық маңызы бар жергілікті жолдар. Мемлекеттік органдар республикалық жолдардың нормативтік жағдайы 90 пайыздан жоғары, жергілікті жолдардікі 85 пайыз деп мәлімдеген. Бірақ ресми статистика мен нақты шындық қанша шақырым жол жатқаны белгісіз. Жоғары аудиторлық палатаның материалдарында кей өңірлер қанағаттанарлық деп көрсеткен жолдардың бір бөлігі іс жүзінде күрделі жөндеуді қажет ететіні туралы сын айтылады. Себебі кей жерде жол жағдайын анықтайтын аспаптық диагностика жүргізілмейді. Сондықтан жол сапасын қағаздағы пайызбен ғана өлшеу жеткіліксіз. Ресми көрсеткішті жолдың нақты жағдайын тексеретін аспаптық деректермен салыстыру қажет.

Мысалы, «13 мың шақырым жол жөнделді» деген көрсеткіштің өзі нақтылауды қажет етеді. Өйткені «жөнделген шақырым» әртүрлі жұмысты қамтиды. Бір жерде

Бұл жерде жергілікті жолдардың жағдайы да маңызды. Қазақстандағы 70,9 мың шақырым жергілікті жол облыстық және аудандық желілерді, сондай-ақ ауыл ішіндегі бағыттарды қамтиды. Олардың жағдайына өкімдіктер жауап береді. Ресми есептерде жергілікті жолдардың нормативтік жағдайы 85 пайызға жеткені айтылады. Бірақ кей өңірлерде жолдың жағдайын анықтайтын аспаптық диагностика жеткіліксіз. Бастапқы материалдағы дерек бойынша, IRI индексі мен арнайы датчиктер қолданылатын жылжымалы зертханалық тексеру жергілікті жолдардың шамамен 20-30 пайызында ғана жүргізілген. Осыдан ресми есеп пен халық көретін күнделікті жағдайдың арасындағы айырмашылық пайда болады.

Жолдың сапасына материалдың өзі де тікелей әсер етеді. «Жол активтері ұлттық сапа орталығы» РМК-ның 2020-2025 жылдардағы зертханалық сынақтарына қатысты ресми мәліметтерде жыл сайын тексерілетін асфальтбетон керндрері мен жол материалдарының 20-35 пайызы ұлттық стандарт талаптарына әйкес келмейтінін мәлімдеді. Асфальтбетонның беріктігі битум мен инертті материалдың сапасына байланысты. Қазақстанның аязды қысы мен ыстық жазы жолға үлкен салмақ түсіреді. Сондықтан негізгі магистральдарда климатқа төзімді полимер-модификацияланған битумды, яғни ПБВ қолдану маңызды. Бірақ заманауи полимерлі битум тапшылығы туралы мәселе көтеріліп келеді. Отандық мұнай өндеу

Жолдың негізі болашақтағы жүк ағынына сай есептелмесе, жаңа жолдың өзі ауыр көлікке төтеп бере алмайды. Бұған техникалық қадағалаудың әлсіздігі қосылады. Мемлекеттік сатып алу кезінде техникалық қадағалау қызметін көрсететін компаниялардың бағаны 50-70 пайызға дейін түсіріп, демпинг арқылы тендерді ұтатын жағдайлары туралы да ашық айтылып жүр. Мұндай бағамен объектіде тәжірибелі маман ұстау қиын. Маман болғанның өзінде олар мердігерлердің жұмысын объектіге бармай, қашықтан қабылдай салады. Мердігер қайта жанартылған жолға 5 жыл, күрделі жөндеуге 3 жыл, орташа жөндеуге 1-2 жыл кепілдік береді. Бірақ ұсак компания банкрот болса немесе қайта тіркелсе, кепілдік міндеттемесін орындау қиындайды. Демек, жол сапасы үшін жауапкершілік құрылыс аяқталған сәтте тоқтамауы керек.

Жолдың тағы бір жауы — ауыр жүк көлігі. Көлік министрлігі мен ресми сарапшылар нормативтен тыс жүк таситын самосвалдарды жолдың тез тозуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде атайды. Жол инженериясында өстік жүктемесінің әсері төртінші дәрежемен өседі деген есеп қолданылады. Қарапайым тілмен айтқанда, еске түсетін салмақ екі есе артса, жолға келетін зиян теориялық тұрғыда 16 есеге дейін өсуі мүмкін. Салмағы 40-60 тоннадан асатын Shacman, Howo сияқты ауыр самосвалдар карьерлерден тас пен құм тасымалдағанда 10-12 тонналық өстік жүктемеге есептелген ІІ және ІІІ санатты жолдарға үлкен қысым түсіреді. Мұндай көліктер жолдың нормативтік қызмет мерзімін айтарлықтай қысқартуы мүмкін. Бірақ мәселе көліктің салмағында ғана емес. Оны қалай бақылайтынымыз да маңызды. Бақылау бекеттері адам факторына тәуелді болса, жүйенің әлсіз жері көбейеді. Жоғары аудиторлық палата мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет материалдарында жүк көліктерінің бекеттерді айналып өтуі, таразыларды өшіріу немесе пара арқылы өтуі туралы фактілер бірнеше рет айтылған. Бұл жағдайда автоматты бақылау қажет.

Климат пен су да жолдың қызмет ету мерзіміне тікелей әсер етеді. Қазақстанның континенттік жағдайында қыс пен көктемде температура нөлден жоғары және төмен бірнеше рет ауысуы мүмкін. Бір маусымда мұндай ауысу 30-50 ретке дейін жетуі ықтимал екен. Асфальттағы микрожарыққа кірген су түнде қатып, кеңейеді. Күндіз ериді. Бұл процесс қайталанған сайын жол жабыны әлсірейді. Су бұру жүйесі дұрыс жасалмаса, жағдай одан әрі қиындайды. Арық, су өткізгіш құбырлар дұрыс жұмыс істемесе, жанбыр мен еріген қар суы жол негізіне жиналады. Ылғал топырақты жұмсарталды. Оның үстінен ауыр көлік жүргенде негіз ығысады. Асфальтта ойықтар мен іздер пайда болады. Кей жөндеу кезінде асфальтқа көбірек көңіл бөлініп, жолдың астындағы дренаж жүйесі екінші кезекке қалуы мүмкін. Сондықтан жол сапасын асфальттың қалыңдығымен қана өлшеу дұрыс емес. Жолдың негізі мен су бұру жүйесі де бастапқы жобаның маңызды бөлігі болуы керек.

Ол үшін қаржыландыруды ғана көбейту жеткіліксіз. Жоспарлау мен бақылау тәсілін де өзгерту қажет. 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылымдық



жоспарда осы бағыттағы міндеттер белгіленген. Мақсат — республикалық маңызы бар жолдардың 100 пайызын, ал қазіргі көрсеткіші шамамен 91 пайыз болатын жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын нормативтік жағдайға жеткізу. Елдің транзиттік мүмкіндігін ашу үшін 59 ірі жобаны іске асыру және негізгі халықаралық көлік дәліздерін, соның ішінде жеті халықаралық автомобиль дәлізін жаңғырту көзделген. Жоғары санатты автомагистральдарды ақылы жүйеге көшіру де жоспарланып отыр. Жиналған қаржы жолдарды күтіп ұстауға бағытталуға тиіс. Бірақ ақылы жолдың өзі сапаның кепілі емес. Ең маңыздысы, жиналған қаржының нақты жолға қайтарылуы және оның қалай жұмсалғанының ашық болуы.

Мұнда Life-Cycle Contract, яғни жолдың өмірлік цикліне негізделген келісімшарт үлгісі пайдалы болуы мүмкін. Қазіргі жүйеде жобалаушы, құрылысшы және кейін жолды күтіп ұстайтын компания бөлек жұмыс істейді. Бір кезеңдегі кәтеліктің салдарын екінші компания көтереді. Ал соңғы шығын мемлекетке түсуі мүмкін. Life-Cycle Contract кезінде бір компания жолды жобалап, салып, кейін 10-15 жыл бойы күтіп ұстайды. Мұндай модель мердігерді басынан сапалы материал қолдануға ынтыландырады. Өйткені бірнеше жылдан кейін қандай күйде болатынына да жауапты болуы керек.

Техникалық қадағалауға да осындай талап қажет. Ең төмен баға үшін ғана тандау жасай бермей, компанияның техникалық базасы мен тәжірибесін есепке алу керек. Рейтингтік жүйе енгізу, қызмет құнын негізсіз төмендетуге жол бермеу және FIDIC сияқты халықаралық стандарттарға сай инженерлік компанияларды тарту сапаны арттыраы сөзсіз. Мердігердің кепілдік міндеттемесінің орындауын қамтамасыз ету үшін банк кепілдігін немесе төлемнің бір бөлігін белгілі мерзімге ұстап қалу тетігін қарастыруға болады. Бұл ұсак компанияның банкрот болып, кепілдіктен құтылып кету қаупін азайтады. Жолды қабылдау кезінде де тәсіл өзгеруі керек. Көзбен шолу жеткіліксіз. Асфальттан кездейсоқ керн алу да жолдың бүкіл жағдайын көрсете алмайды. IRI индексі, георадар және лазерлік профилометр сияқты аспаптар жолдың әр метрін тексеруге мүмкіндік береді. Олар көзге көрінбейтін деформацияларды асфальтты бұзбай анықтай алады. Бұл жолдың нақты жағдайын қағаздағы пайыздан бөлек бағалауға мүмкіндік береді. Цифрландыру да осы жұмыстың бір бөлігі болуға тиіс. Әр жол учаскесінің құрылыс, жөндеу және кепілдік тарихын көрсететін цифрлық төлқұжат жасалса, жолдың қашан, қандай материалмен және кім тарапынан салынғанын анықтау оңай болады. Жол бұзылса, мердігерді, техникалық қадағалаушыны және қолданылған материалды табуға уақыт кетпейді. 2027 жылдан бастап автожолдарға бірыңғай экологиялық талаптар мен ПБВ битумын міндеттейтін климаттық төзімділік нормаларын енгізу көзделіп отыр. Бұл жолдардың климатқа төзімділігіне қойылатын талапты күшейтеді. Бірақ жаңа талап қағаз жүзінде ғана қалмауы керек. Оның орындалуын нақты өлшейтін жүйе қажет. Жолдың әр шақырымы цифрлық тарихымен бірге қаламауы керек. Жауапкершілік те күшейеді. Қай жерде қандай материал қолданылды? Қай компания салды? Қай инженер қабылдады? Кепілдігі қашан бітеді? Мұндай ақпарат ашық болса, жол сапасы туралы дау да азаяр еді.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

БІЗДІҢ СҰХБАТ

3 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ



Жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жастар театрының көркемдік жетекшісі және бас режиссері, белгілі актер Нұрқанат Жақыпбайға «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағын берді. Біз осы орайда белгілі режиссермен Жастар театрының бүгінгі, тұлғаның өнердегі ұстанымы мен режиссерлік шешімдеріне қатысты әңгіме өрбіткен едік.

Нұрқанат ЖАҚЫПБАЙ,
актер, режиссер:

БІЗ ӨНЕРГЕ ДЕ, КӨРЕРМЕНГЕ ДЕ ҚАРЫЗДАРМЫЗ

— Нұрқанат аға, сұхбатымызды сіздің репертуар таңдауыңыздан бастасак. Сахналанып шығарманы қалай таңдайсыз? Көрерменге оны қалай ұсынғыңыз келеді? Шығарма таңдауда тақырыптың өзі маңызды ма, әлде өзектілігі бірінші орынға шыға ма?

— Репертуар таңдау — бұл өте күрделі әрі ұзақ ойлануды талап ететін процесс. «Күн сайын пьеса оқимын» деп айта алмаймын, бірақ менің басты бағдарым — көрермен. Театрда қойылымдар жүріп жатқанда, мен залда отырып көрерменді бақылаймын. Маған олардың реакциясын көру өте қызық. Кейде тіпті кәбинетімің терезесінен сырттағы халыққа көз тастап тұрамын. Бүгінгі келген контингент кімдер, орта жастағылар ма, әлде жастар ма деп. Сондай-ақ спектакль кезінде көрерменмен бірге отырып, олардың қойылымға қалай кірігіп кеткенін аңғарамын. Сол сәттегі көрерменнің реакциясын іштей сараптаймын, есептеймін, қорытынды жасаймын. Адамдарға қандай шығарма керек? Бүгінгі қоғам қандай ойда жүр? Осының бәрін мұқият бағдарлаймын. Біз жылына 3 спектакль қоюға міндеттіміз. Сондықтан көп толғанасын. Қойылым аяқталғанда, көрерменнен бұрын сыртқа шығып, фойеде жүремін. Шығарма бүгінгі көрерменге ұнады ма, олар мәз-мейрам болып шықты ма — соның бәрі көз алдымнан өтеді. «Келесіде мынадай дүниені қойсам ба екен...» деп ойлана бастаймын.

Екінші жағынан, бүкіл Қазақстан бойынша жүріп жатқан репертуарларды да үнемі қадағалап отырамын. Өкінішке қарай, қазір біздің театрларда бір әдет пайда болды. Бір театр сәтті бір шығарма қойса, бүкіл театр соның артынан жабысып алады. Мен мұндай қайталаудан қашамын. Неге біздің режиссерлер ізденбейді? Қуанышбаев немесе Әуезов театры сахналаса, облыстық, қалалық театрлар соны айна-қатесіз қайталай салады. Бұл дұрыс емес. Мұндай көшірме дүниелер елді жалықтырады. Астана мен Алматыдағы ірі театрлардың қойғанын айнытпай қайталап қою — жаман үрдіс, бұл белгілі бір мағынада өнердегі ұрлық болып саналады.

Жас кезімде Әуезов пен Мүсірепов театрларының қойылымдарын көріп өстім. Әзірбайжан Мәмбетовтың репертуары бізді тәрбиеледі. Кеңес заманында ұлы жазушылар болды, солардың шығармалары қойылды. Сондай-ақ сол кезеңде Шыңғыс Айтматовтың дәуірі туды. Әзекең Айтматовтың шығармаларын түгел сахналады десе де болады. Сол кезде әр облыста бірдей театр бола бермейтін, бірақ бар театрлардың өзі Әзекеңнің қойған дүниелерін түгел көшіріп алып, қайта қоятын. Сөйтіп, қазақ театр өнері белгілі бір дәрежеде деградацияға ұшырады. Кейде іштей: «Егер де сол кезде басқа театрлар Әзекеңнен айнытпай көшіріп қоймағанда, ол кісі ұзағырақ тірі жүрер ме еді...» деп армандаймын. Меніңше, Әзекең аман болғанда, осы заманға да арнап керемет спектакльдер қояр еді.

— Сонда Әзірбайжан Мәмбетовтің қойғандарын басқа театрлардың айнытпай қайталағаны ол кісінің жүрегіне салмақ түсірді деп ойлайсыз ба?

— Жок, олай кесіп айтпас едім, бірақ ішінде өкініш пен өзіндік реніш жүргені анық. Ол кісі ешқашан ешкімге «Көшіріп қойыпсың» деп бетіне басып айтаптын қызық кісі еді. Бұл — менің жеке ойым.

Соңғы уақытта көптеген театрда «Қыз Жібек» қойыла бастады. Оны мен де сахналадым. Бірақ театрды жанадан ашқан кезден-ақ мен бұл шығарманы мүлде басқа қояды мақсат еттім. Бұл ретте Әділмен, Дәуренмен және басқа да шәкірттеріммен ақылдастым. «Қыз Жібектің» операсы да, драмасы да бар. Мен композитор мен автордың жазған түпнұсқасына тиіспедім, сөзін де, әнін де өз орнында қалдырдым. Алайда оны мюзикл форматына келтірдім.

Жай ғана аранжировкасын өңдеп, заманауи ырғақ қостым.

Айталық, спектакльде Қыз Жібектің «Жайықтың жағасында» деген ариясы бар. «Жайық жағасында» деп тұрғаннан кейін, ол жерде қайық болуы заңдылық қой? Содан мен мезансценаны былай шештім. Жібекті жанындағы нөкерлерімен бірге үлкен қайықтың үстіне отырғыздым. Тұтас сахналық көрініс Жайықтағы қайықтың үстінде өтеді. Режиссер ретінде бұл шешімім өзін толық ақтады деп есептеймін. Көрерменнің қызығушылығын тудырған да осы ерекшелік болды. Егер актерлер жай ғана атпен жүрсе, бұл соншалықты әсерлі болмас еді. Мен мұны «сұмдық керемет жасадым» деп мақтанбаймын, бірақ режиссерлік шешім ретінде дұрыс қадам болды.

Бұл қойылым тек біздің елімізде емес, шетелде де үлкен резонанс тудырды. Гастрольдермен көп жерді араладық, беделді фестивальдарға қатыстық. Оңтүстік Кореяның бұрынғы астанасы Тэгу (Даegu) қаласында Америкадан кейінгі әлемдегі ең үлкен Бүкіләлемдік мюзикл фестивалі өтеді. Соған біз «Қыз Жібегімізді» алып бардық. Пандемия кезінде ұйымдастырушылар хабарласып: «Өткенде түсіріп алған спектакльдеріңізді интернет арқылы бүкіл әлемге таратсақ, рұқсат бересіздер ме?» деп өтініш білдірді. Біз келістік. Өйткені ол фестиваль екі жылда бір өтеді де, бір жылдан соң қорытындыланады. Сонда әлем халқының дауыс беруі бойынша біздің «Қыз Жібек» Ұлыбританиядан (Англия-дан) кейінгі екінші орынды иеленді. Бұл біз үшін, қазақ өнері үшін үлкен мақтаныш болды.

— Жастар театрының актерлерін жиі «бір үйдің балаларындай» немесе «бір ансамбльдің мүшелеріндей» деп сипаттап жатады. Сіз бұл «ансамбльді» қалай ұйымдастырдыңыз, олардың арасындағы мұндай ауызбіршілік пен ішкі байланыс қалай қалыптасты?

— Олардың бәрі — өзімнің балаларым, өзім оқытқан шәкірттерім. Театр ашылғалы бері осы уақытқа дейін Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясынан жеті бұса шәкірт бітіріп шықты. Мен өзім де сабақ бердім. Олар оқудың үш жылын аяқтаған соң театрда тәжірибеден өтеді, ал төртінші курста осы жерге келіп дипломын қорғайды. Содан кейін осы театрда жұмысқа қалып жатады.

— Содан соң олардың бәрін бір театрға сыйғызу мүмкін бе?

— Сяяды. Әрине арасында жарамай, талапқа шыдай алмай кетіп қалатындары да болады. Өйткені театрға келгенде актерлер өбден екшеледі. Біздің жұмыс кестемізде демалыс деген ұғым жоқ. Бірге жұмыс істейміз. Тіпті процесс қызық болып жатса, театрда қона салып, жұмысты әрі қарай жалғастыра береміз. «Кеш болды, қайтатын уақыт жетті» деген сөз бізде атымен жоқ. О баста-ақ солай қона жатып жұмыс істейтінбіз. Қазір де ізденіс үстінде тоқтамаймыз, ешкім «үйге қайтайықшы» демейді. Әрине қазір балалардың бәрі үйлі-баранды болды.

Театрдың жұмысы — жанкешті еңбек. Жақсы спектакль шығу үшін труппада жақсы ұжымдық атмосфера болуы керек. Ұрыс-керіс басталған жерде театр өледі, одан көрермен қашады. Көрермен оны ашық түсінбесе де, ішкі түйсігімен сезеді, кері итеруші күш пайда болады. Ал егер сахнада адал, жанкешті еңбек болса, актерлер бір үйдің баласындай бірігіп тұрса, ол аура көрерменге де беріледі. Менің шәкірттерім менің айғайымды да, «айналайынымды» да жақсы біледі. Әке-шешесі оларды қалай қабылдаса, мен де оларды солай қабылдаймын.

Жалпы біздің Жастар театры сахнаға үлкен үрдіс алып келді. Қазір облыс орталықтарында да жастар театрлары ашыла бастады. Себебі жастардың өзі де театр

өнерінде серпіліс, өзгеріс болғанын қалады. Кейбір облыстарда жергілікті бюджеттің көмегімен, кей жерде жеке театрлар ретінде жастар труппалары ашыла бастады. Қысқасы, бұрыннан келе жатқан сірескен, тұрып қалған қағидалар өзгерді.

— Қазір заман өзгерді, онлайн дәуір орнады, әлеуметтік желілер дамыды. Бұрын адамдар тек театрға келетін болса, қазір сіздерде бәсекелес көп. Сіздер көрерменді қалай тартып жатырсыздар? Байқасақ, Жастар театрының жарнамасы да көп емес. Көрермендеріңіз уақытпен бірге қалыптасқан таңдаулы аудитория ма?

— Мен тақырып таңдауда өте кірпізбзбн. Тақырыпты алған соң, оның мазмұны мен ішкі мәні терең болуға тиіс. Мысалы, бұрын қойылған шығармаларды алсам да, оны мүлде басқаша сахналаймын. Айталық, Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұны» пьесасы. Баяғыда өзім соның ішінде актер болып ойнағанмын, музыкасын Нұрғиса Тілендиев жазған еді. Махаббат деген сезім қазір де бар ғой. Мәселе, ол кездегі махаббаттың сипаты басқаша болған шығар, бірақ негізгі түйіні өзгерген жоқ. Ескі социализм кезінде жазылған шығарма болса да, оны толықтай өзгертіп, заманауи тілде қайта жасап шықтық. Қазір сол қойылым көрерменнің ең сүйікті пьесаларының біріне айналды.



Классиканың тағы бір басты ерекшелігі, онда сахнада ауыз толтырып айтатын терең тексттер, яғни қуатты монологтар, мағыналы диалогтар бар. Бұрынғы заманда драматургия деген үлкен өнер болған.

Немесе Шыңғыс Айтматовтың бүкіл шығармашылығын негізге ала отырып, «Жанпида» деген пьеса құрастырдым. Айтматовтың синопсисіне Оралхан Бөкей мен Роза Мұқанованың шығармаларын да қостым. Көрермен залда отырғанда бұл екі жазушының да қолтаңбасын аңғарып танып отырады, бірақ мұның бәрі Айтматовтың әлемі екеніне кәміл сенеді.

— Бұл режиссерлік эксперимент пе?

— Жок, мұны эксперимент деп айтпас едім. Бұл — менің жан дүнием. «Эксперимент жасадым» деп мақтанудан аулақпын, бұл — ішкі толқынысымының жемісі. Біз бұл спектакльді шетелдерге алып бардық. Ешқандай сыни ескертпе болған жоқ. «Мынау неге басқа арнаға бұрылып кеткен?» деген сөзді ешкім айтпады. Қырғызстанда өткен фестивальда бірнеше рет Гран-при алды. Сонымен қатар қырғыздың қазіргі белгілі жазушысы Сұлтан Раевтың «Меккеге барар ұзақ жол» деген шығармасын «Жұмаққа барар ұзақ жол» деп өзгерттік. Бұған автордың өзі де келісті. Бұрын біздің танымымызда Мекке өте қолжетімсіз, қасиетті ұғым еді. Ал қазір Меккеге адамдар күнде барып-келіп жатыр ғой. Біздің әкелеріміз Меккені тек армандап өтті, ақыры бара алмай кетті. Содан мен: «Жұмаққа барар ұзақ жол» десек қалай болады? Меккеге бару — жұмақтың шетін көргендей әсер береді ғой» деп ойландым. Автор мұны естігенде «Шынында да ұрымтал, өте дұрыс табылған атау екен» деді. Мәселе атауында емес, заттық мазмұнында тұр ғой.

Қазір көрерменде таңдау бар. Тіпті арнайы қалыптасқан көрермен тобы пайда болды. Менін аңғарғаным, біздің театрға ескі вокал жанр орналасқан ғой. Көкшетау, Қостанай, Павлодардан тұрғындар «Тальго» пойызымен арнайы келеді. Тек біздің спектакльді көреді де, сол түнде по-

йыздарына отырып кері қайтады. Бұл — театрға деген адал көрерменнің қалыптасқанының көрінісі.

— Шекспир, Мольер, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сияқты тұлғалардың шығармашылығы — классика. Неге классикалық дүниелер ешқашан сәннен қалмайды? Тәуелсіздік дәуірінде аты жарқырап шыққан туындылар неге аз, бар болса да неге сахнада ұзақ өмір сүрмей, тез түсіп қалады? Әлде уақыт пен көрерменнің талабына тек классикалық шығармалар ғана жауап бере ала ма?

— Мен де бұл туралы көп ойландым. «Неге біз үнемі классикалық драматургияға сүйене береміз?» деген сұрақ мені де жиі толғандырады. Себебі классикада

мерейтойлық шаралар ұйымдастырмақшы. Сонда қырғыз бауырлар: «Бұл спектакльді құртпаңыздар, бұл біздің 100 жылдығымызға үлкен тарту болады», — деді. Қазір миымда сол спектакльді тағы да өңдеу, жетілдіру ойы тұр.

Оралхан Бөкей де — менің ең сүйікті жазушым. Оралханмен замандас болдық, қатар жүрдік, бірге өстік. Бірде Оралханның «Атау кересін» оқып, ғашық болдым. Сол кезде Оралхан Үндістанға сапарға кетейін деп жатыр екен. Маған «Үндістаннан қайтып оралайын, екі күннен соң кетемін, келген соң арнайы отырып сөйлесейік», — деді. Өкінішке қарай, ол Үндістаннан қайтпай қалды...

Содан соң сол шығарманы сахнаға қою маған маза бермеді, оны міндетті түрде шығаруым керек болды. Инсценировкасын жасап, Мүсірепов театрында қойдым, басты кейіпкерлердің бірін өзім ойнадым. Ол Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еді. Оралханның айтып кеткен сөзі маған аманат сияқты болып тұрды. Кейде «Осы шығарманы өз театрыма қайта қоюым керек» деп ойлаймын. Бұрын Досхан Жолжақсынов, мен, Алтынбек Кенжеков үшеуіміз Оралханның «Қар қызындағы» үш жігітті ойнағанбыз. Оны кейін өз театрымызда да қойдық. Енді «Атау керені» де қазіргі жастардың танымына лайықтап сахналасам ба деген ой бар.

Басында айтқанымдай, мен бейнебір лабораторияда отырған адам сияқтымын. Терезеден қарап тұрамын. Көрермен келе жатыр ма, спектакльден кейін қандай көңіл күймен қайтып бара жатыр? Мен қойылымның деңгейін көрерменнің жанары мен эмоциясы арқылы бағалаймын.

— Көрерменнің көңіл күйін, қойылымды қалай қабылдағанын қайдан білесіз?

— Көрерменнің залдағы және спектакльден кейінгі әрекетінен білемін. Олар қойылым біте сала зытып отырмайды, фойеде ұзақ әңгімелесіп, пікірлесіп тұрады. Мен фойеде ақырын қарап тұрамын, олардың шүйіркелесіп, әсерлерімен бөлісіп тұрғанын көргенді жақсы көремін. Не айтып жатқандарын естімесем де, жүздерінен бәрін айнытпай бағдарлаймын.

— Шығармашылығызда сәтсіз шыққан туындыларыңыз бар ма?

— Сәтсіз шыққандарының атын айтпай-ақ қояйын. Актерлерім де білмейді оны, мен ондай спектакльді қайта өңдеп, қайта жасап шығамын. Көрерменнің реакциясын бірнеше рет бақылағаннан кейін қай жерінде қателік кеткенін, қай жерде текст дұрыс тандалмағанын, қай тұста сөзден гөрі пауза, үнсіздік керек екенін түсінемін. Сондықтан көп спектакльді қайта өңдеймін. Бірақ спектакль жанаша деменен қайта туғандай болады.

Қазір біздің сахнада 74 спектакль бар. Театрымыздың шымылдығын 2007 жылы «Шыңғыс ханмен» ашқан едік. Ол Айтматов пен Кекілбаевтың шығармалары негізінде жасалған болатын. Көп жыл бойы бұл қойылымды ойнамадық, ал енді 20-шы маусымды дәл осы спектакльмен ашқалы отырмыз. Қазір күн демей, түн демей дайындық жүріп жатыр.

— Сіздің «Жанарымдағы жалғыз әуен» деген спектакліңіз әндерден тұратынын білеміз. Бұл жаналықты көрермен қалай қабылдады?

— Жалпы, спектакль жасау үшін алыстан арнайы нәрсе іздеудің қажеті жоқ. Мысалы, 3-4 минуттық әндер болады. Солардың өзінде тұтас бір өмір, үлкен драматургия жатыр. Текстіңде мән бар. Мен сол әндерден өзіме керекті драматургияны іздеймін. Әннің мелодиясын да, текстің де бұзбаймын, оған тиіспеймін. Әннің орындалу тәсіліне драматургия енгіземін: «Мына жерде былай айтылу керек, мына жерде үнсіз қалу керек» деген сияқты режиссерлік шешімдер жасаймын. «Жанарымдағы жалғыз әуенді» көрермен концерт ретінде емес, спектакль ретінде бағалады. Онда махаббат та, реніш те, қайғы мен қуаныш та бар.

Қазір қоржынымда Алтынбек Қоразбаевтың әндері тұр, солардан жана спектакль жасасам ба деп жүрмін. Мен әрқашан композиторлармен алдын ала келісіп аламын. Біреудің еңбегін ұрламаймын. Олар келіп көргенде «Әннен де осындай астарлы оқиға мен драма шығаруға болады екен-ау!» деп таңғалады.

Музыканы өте жақсы көремін, миымнан музыка ешқашан кетпейді. Бұдан да басқа жоспарлар көп. Шекспирдің үш спектаклі бар қолымда. Бірақ біз актерлерді Шекспир заманының киімімен киіндірмейміз. Оны қазақи ұғымға бұрамын. «Ромео-Джульетта» кейіпкерлеріне сақтар заманының киімін кигіздік. Ресейден келген қонақтар көріп, қайран қалды. Бұл — режиссерлік шешім. Шекспирдің басқа шығармаларына да жанаша қырынан келмекпіз.

Мұның бәрін әдейі жасамаймын, миым солай ойлайды. «Мына шығарманы бүгін, ал мына туындыны 5 жылдан кейін қою керек» деген ішкі есеп тұрады. «Бүгін жаза салып, бүгін қояйын» деген асығыстық менде жоқ.

Біз бұл кәсіпте жүргеннен кейін өнерге де, көрерменге де қарыздармыз. Кеше қандай болдық, бүгін жана заманға аяқ бастық. Мемлекетімізде де қаншама жақсы өзгерістер болып жатыр. Өнер де соған сай биіктен көрінуге тиіс.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгүл СЕЙІЛ

АЙМАҚ

Сыр бойының туристік әлеуетінде Жаңақорған өңірінің орны ерекше. Олай дейтініміз, қарт Қаратау мен Сырдария аралығында қоныс-танған киелі мекеннің табиғи ерекшелігі мен ғасырдан астам тарихы бар шипажайлары емдік туризмдегі мүмкіндігін айқындап отыр.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ҒАСЫРЛЫҚ САУЫҚТЫРУ ОРНЫ

Бүгінде Жаңақорған шипажайы денсаулығын түзетуге келген жандармен қатар, туризм индустриясын дамытуға мүдделі кәсіпкерлердің де назарындағы нысанға айналып тұр.

Мәліметке сәйкес, аудандағы әйгілі шипажайдың тарихы 1918 жылдан басталады. Шипажай Қазақстандағы көне балшықпен емдеу орындарының бірі ретінде жоғары маңызға ие. Онда негізінен емдік максатта көлдің табиғи тұнба балшығы мен тұзды рапасы қолданылады. Сонымен бірге мұнда минералды су мен физиотерапиялық емдеу тәсілдері арқылы ем жүргізіледі. Жоғарыда айтып өткен шипажайдың емдік максатта пайдаланылатын қара балшығы Теріскен көлінің шипалы байлығы саналады.

Бүгінде өңірдің туристік картасында бірнеше шипажай мен сауықтыру орны қалыптасқан. Соның ішінде «Жаңақорған Шипажайы» АҚ-мен қоса «Ақ-Шуақ», «Орда-Сығанақ» секілді нысандар қатар аталады. Кейінгі жылдары жаңа жобалардың қосылуы бұл бағыттағы бәсекені одан әрі күшейтіп отыр.

— Жаңақорған ауданында шипажай туризмін дамытуға басымдық беріліп келеді. Бүгінде ауданда жалпы сыйымдылығы 796 орынға есептелген 5 шипажай жұмыс істейді. Шипажайларда негізгі емдеу тәсілі ретінде Теріскен көлінің шипалы балшығы мен тұзды суы пайдаланылады. Сонымен қатар физиотерапиялық кабинеттер арқылы түрлі емдік процедуралар көрсетіледі. Негізінен, шипажай туризмін дамыту бағытында нысандардың қуатын арттыру және қызмет сапасын жақсарту жұмыстары ұдайы жүргізілуде. Мәселен, «Жаңақорған шипажайы» АҚ-да 380 төсек-орын бар. Келушілер санының артуына байланысты қосымша 20 орындық ғимарат салынып,

пайдалануға берілді. Ал «Жан Арай» шипажайы 120 орынға арналған. Қазір мұнда тағы 60 орынға арналған қосымша ғимараттың құрылысы жүргізілуде. Сонымен бірге шипажай келушілерінің бос уақыттың тиімді ұйымдастыруға да көңіл бөлінуде. Арнайы атпен серуендеу, садақ ату алаңдары, футбол және би алаңдары жаңадан бой көтерді. Бұл жұмыстардың барлығы Жаңақорған ауданында емдік-сауықтыру туризмін одан әрі дамытып, шипажайларға келушілерге көрсетілетін қызмет түрлерін кеңейтуге бағытталған, — дейді Жаңақорған ауданы әкімдігінен.

ЕМДІК ТУРИЗМГЕ ТӨТЕ ЖОЛ

Негізінен, шипажай туризмін тек ем қабылдау орны ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл тұрғыда Жаңақорғанның мүмкіндігі мол. Оны атқарылған жұмыстардың ауқымынан аңғаруға болады.

Осы ретте әкімдік тарапынан шипажай туризмін тарихи-мәдени туризммен ұштастыру мақсатында келушілерге арналған арнайы экскурсиялық бағыттар да ұйымдастырылып жатқанын мәлімдеді. Атап айтқанда, туристерді аудан аумағындағы «Сығанақ» қалашығы мен «Хорасан ата»

кесенесіне апару қолға алынған. Бұдан бөлек, көршілес Түркістан облысының киелі тарихи орындарына саяхат жасауға мүмкіндік беретін арнайы туристік маршруттар әзірленген.

Негізі, өңірдің туристік әлеуетін көтеруде Жаңақорғанның географиялық орналасуы тиімді болып келеді. Әсіресе шипажайға келген турист үшін Түркістан бағыты, Сауран қалашығы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан баб секілді тарихи-мәдени нысандарға сапар ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Мұндай экскурсиялар шипажайдағы бірнеше күндік демалысты толыққанды туристік сапарға айналдыра алады. Соның негізінде шипажай ем алушыларына осындай киелі орындарға экскурсиялар ұйымдастыру жолға қойылған.

— Жаңақорған ауданында орналасқан шипажайлар — аймақтағы туризм әлеуеті жоғары орындардың бірі. Яғни өңірде орналасқан шипажайлар Қазақстанның көне балшық курорттарының бірі саналады. Аталған шипажайлар еліміздің сауықтыру орындарының арасында тірек-кимыл жүйесі ауруларын емдеу бойынша жетекші орын алады және баламасы жоқ бірегей емдеуді ұсынады. Бүгінде шипажайлар қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында

заманауи медициналық құралдармен жабдықталып, табиғи емдік балшық, минералды су кеңінен пайдаланылуда.

Емдік туризмге келсек, өңірдің туристік әлеуетін таныстыру мақсатында келушілерге арнайы туристік маршруттар әзірленген. Олардың қатарында «Сығанақ» қалашығы, «Хорасан ата» кесенесі және басқа да тарихи-мәдени нысандар бар. Сонымен қатар келушілердің артуына байланысты шипажайларда қосымша ғимарат құрылыстары жүргізілуде.

Алдағы уақытта шипажай туризмін дамыту бағытында сервис сапасын жақсарту, цифрлық қызметтерді дамыту, шипажайларды бренд ретінде қалыптастыру,

сондай-ақ экотуризм бағыттарын қосу жоспарланған, — дейді бұл жайында Жаңақорған аудандық денешынықтыру, спорт және туризм бөлімінің басшысы Махмұт Рахымжанов.

Жалпы, шипажайлардың көбеюі ем-шараларымен қоса туризм саласын дамытуға, оның ішінде қонақүй және сервис, көлік пен экскурсия қызметіне деген сұранысты арттырып тұрғаны байқалады.

ТУРИЗМГЕ ТАЛАПТЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Жергілікті өлкетанушы Әлімжан Ержановтың айтуынша, Жаңақорғанның емдік туризмді дамытуға мүмкіндігі мол. Оның ішінде шипажайлармен қатар, табиғи емдік қасиеті бар бірқатар орынды да туристік айналымға енгізуге болады деген пікірде.

— Жаңақорған бүгінде өзінің шипажайларымен бүкіл Қазақстанға және көршілес елдерге де танымал. Ауданда жұмыс істеп тұрған шипажайларға жыл сайын еліміздің өзге өңірлерінен және шетелден мыңдаған адам келіп, ем алады. Бұл, әрине өңір экономикасына белгілі бір деңгейде үлес қосып отыр. Бірақ емдік туризмнің мүмкіндігі біздің шипажайлармен ғана шектелмеуі керек. Мәселен, емдік қасиеті бар Теріскен көлінің лайы мен суынан бөлек, Түгіскен елді мекеніне қарасты Апанак деген жерде жер астынан шығатын ыстық су бар. Жергілікті халық оның тері ауруларына қарсы емдік қасиеті жоғары екенін айтып келеді. Кеңес заманында ферма ретінде ашылған бұл қыстақта бүгінде бірнеше үй ем іздеп келген адамдарға қызмет көрсетіп отыр. Алайда, өкінішке қарай, Апанакқа жетудің өзі қиын. Тү-

ЖАҢА МЕКТЕПТЕР ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

Білім күнінде Алматы облысында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған бес жаңа мектеп есігін айқара ашты. Бұл білім ордаларында 4200 оқушы білім алады. Сондай-ақ тозығы жеткен тағы 10 білім ордасы күрделі жөндеуден өтіп, бүгін пайдалануға берілді. Биыл өңірде 36 мыңға жуық бүлдіршін алғаш рет мектеп табалдырығын аттады. Осылайша, жаңа оқу жылында облыстағы 502 жалпы білім беретін мектепте 384 мыңнан астам оқушы тәрбиеленеді.



Алматы облысында үш ауысымды оқытуды жойып, сапалы білім беру мақсатында кейінгі төрт жылда 75 жаңа мектеп ашылып, 6 қосымша жапсаржай салынды. Оның 26-сы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерді. Нәтижесінде, үш ауысымды білім беру ұйымдарының саны 52-ден 23-ке азайып, шалғай елді мекендердегі 6 мыңға жуық оқушының тасымал мәселесі шешілді. Сонымен қатар алдағы уақытта ЕРС+F тетігі арқылы немесе мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында 10 мектептің құрылысы жоспарланып отыр.

Бүгінде пайдалануға берілген мектептер Алату қаласы, Іле, Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарында орналасқан. Мұнда заманауи пән кабинеттері, физика, химия және биология зертханалары, информатика, STEM және робототехника кабинеттері, кітапхана, оқу залы, спортзал, асхана, медициналық пункт, мәжіліс залы, шығармашылық және коворкинг аймақтар қарастырылған. Бұған қоса, мектептер цифрлық оқыту технологияларымен, жоғары жылдамдықты интернетпен, бейнебақылау және қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған. Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін де барлық қолайлы жағдай жасалған. Бұл оқушылардың терен білім алуына, шығармашылық

және зияткерлік қабілеттерін дамытуына жол ашады. Өңірде инфрақұрылымды жаңарту жұмысы мұнымен шектелмейді. Кешенді жоспарға сәйкес, 2025-2027 жылдар аралығында облыстағы 91 мектепке күрделі жөндеу жүргізу көзделген.

Алғашқы қоңырау күмбірі Іле ауданы Н.Тілендиев ауылындағы су жаңа «Келешек мектебінде» де естілді. Жалпы аумағы 10 мың шаршы метрден асатын нысан 900 орындық және ғимаратта 44 сынып бар. Жобаның жалпы құны — 7,5 млрд теңге. Бүгін мұнда 100-ге жуық оқушы мектеп табалдырығын алғаш рет аттап, барлығы 1 230 бала қабылданды.

Салтанатты іс-шараға Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысып, оқушылар мен ұстаздарды, ата-аналарды білім күнімен құттықтады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Біз Қазақстандағы барлық баланың бақытты болашағын қамтамасыз етуіміз керек» деп атап өткендей, өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау — мемлекетіміздің маңызды міндеттерінің бірі, — деді аймақ басшысы. Сонымен қатар білім саласын қолдау мақсатында өңірде атқарылған ауқымды жұмыстар мен оқушылардың жетістіктеріне тоқталды.

Айтуынша, өткен оқу жылында облыс оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша республикалық олимпиадада үздік үштікке енді, ауыл мектептері арасында командалық I орынды жеңіп алып, чемпион атанды. Кос бірдей жас дарын Ұлттық бірыңғай тестілеудің ең жоғары көрсеткіші — 140 балды жинап, рекорд жасады. Сонымен қатар 1 831 мектеп бітіруші «Алтын белгіні» еншілессе, 1 675 түлек «Үздік аттестат» алды. 7 мыңнан астам оқушы мемлекеттік білім беру грантын иеленді.

Жаңа мектептің ашылу салтанатында өңір басшысы үздік ұстаздарды мемлекеттік наградалармен, Алғыс хаттармен марапаттады. Сонымен қатар үлкен өмірдің босағасында тұрған тұлғалармен жүздесіп, олардың сынып сағатына қатысты. Оқушылармен Ата заңның қасиеті, «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» тұжырымдамаларының мәні жайлы ашық әңгіме өрбітті.

Ауыл тұрғындары да жаңа нысанның бой көтергеніне дән риза. Солардың бірі — Қорғасбек Қожахметолла.

— Н.Тілендиев ауылында жаңа мектеп ашылғанына өте қуаныштымыз. Сол үшін Мемлекет басшысына, облыс әкімдігіне алғыс айтамын. Бұл білім ордасынан ел-жұртына қызмет ететін, ой-өрісі кең азаматтар өсіп шығады деп сенемін. Енді осы мектепте менің төрт немерем білім алады. Мектеп көңілімізден шықты, — деді тұрғын.

Су жаңа нысанға аяқ басқан оқушылардың да қуанышында шек жоқ. — Өзім биология пәнін жақсы көремін әрі болашақта дәрігер болғым келеді. Бұл арманым осы мектепте оқу арқылы біртанба жақындаймын деген үміттемін. Себебі мұнда арнайы сыныптарда түрлі тәжірибе жасап, білімдіміз жетілдіре аламын. Жаңа мектеп бізге қатты ұнады», — дейді 11-сынып оқушысы Қауһар Қуанбай.

Жаңадан бой көтерген мектептер ел болашағына қызмет ете бермек.

Айна ХАСАН

МАЛ САУ БОЛСА, АДАМ САУ

Батыс Қазақстан облысында ветеринариялық қызметке жаңа инфрақұрылым жасақталып, цифрлық технологиялар, көлік және кадрлық әлеуетті күшейту арқылы заманауи профилактика және бақылау жүйесіне көшіру жұмыстары жалғасып жатыр. Облыс шаруашылықтарында жүздеген мың бас ірі және ұсақ мал, жылқы, түйе бар. Ауылдағы көп отбасы үшін табыстың негізгі көзі де осы мал шаруашылығы болып отыр. Демек, малдың саулығы адамдардың әл-ауқатымен тікелей байланысты.



2026 жылы өңірде эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 6,7 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 40 пайызға көп. Қаражат вакцинацияға, диагностикаға, ауру жануарларды санитариялық союға, ветеринариялық препараттар сатып алуға, малды сәйкестендіруге, тасымалдауға және ветеринариялық ұйымдарды жарактандыруға бағытталуда. Биыл ауыл шаруашылығы жануарларының 12-ден аса қауіпті ауруына қарсы 11,9 млн бас малды вакцинациялау жоспарланған. Алғашқы 8 айдың қорытындысы бойынша, 5,5 млн бас мал вакцинацияланып, тағы 8,8 млн доза вакцина жеткізілген.

— Біздің басты міндетіміз — аурудың белгі беруін күтпей, оның алдын алу. Вакцинация, диагностика, жануарларды сәйкестендіру және бақылау біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуі керек. Қауіптерді дер кезінде анықтап, инфекциялардың таралуына жол бермеудің жалғыз тиімді жолы — осы, — дейді Батыс Қазақстан облысы ветеринария басқармасының басшысы Абзал Бралиев.

Бұған бруцеллезбен байланысты жағдайды мысал етуге болады. Сегіз айда 590 мыңға жуық ірі қара зерттеліп, оның 3 723-інен ауру анықталды. Ұсақ малдың 775 мыңнан астам басы тексеріліп, 609 жануардан ауру табылды. Биыл санитариялық союға 3 565 бас ірі қара және 528 бас ұсақ мал жіберілген. Мал иелеріне қосымша өтемақы да төленеді. Бүгінде 207 бас ұсақ мал үшін 3,6 млн теңге көлемінде өтемақы беріліп үлгерген.

Жыл басынан бері облыста жеті ауру ошағы тіркелді: оның үшеуі — ірі қараның инфекциялық ринотрахеиті, екеуі — бруцеллез, біреуі — эмкар және бір жағдай — қарсақтан анықталған құтыру ауруы. Төрт ошақ толық жойылса, екі ошақта ветеринариялық іс-шаралар жалғасуда. Соған қарамастан, өңірдегі эпизоотиялық жағдай тұрақты болып отыр.

Алайда ветеринариялық жүйе шаруашылыққа дер кезінде жететін мамансыз тиімді жұмыс істей алмайды. Қазір облыста Орал қаласының ветеринариялық станциясы және 12 аудандық ветеринариялық станция жұмыс істейді. Олардың құрамында 147 ауылдық ветеринариялық пункт бар. Жалпы жүйеде 815 адам еңбек етеді, оның 604-і — ветеринариялық мамандар.

гіскеннен батысқа қарай шамамен 20 шақырым жолдың жағдайы өте нашар. Егер осы жолды жөндеп, Апанакта ем алушылар мен демалушыларға арналған қарапайым жағдай жасалса, келушілер санының бұдан да едәуір артуына мүмкіндік туар еді. Сондай-ақ бұл өз кезегінде жергілікті халыққа жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын кәсіптің дамуына да ықпал етері сөзсіз, — дейді ол.

Жергілікті өлкетанушының айтуынша, Жаңақорғанды шипажайларымен танытып қана қоймай, табиғи емдік орындарды көп өлке ретінде де қалыптастыруға болады. Бұл тұрғыда қолда бар мүмкіндіктерге бей-жай қарамай, әрбір табиғи нысанның әлеуетін ұтымды пайдалану қажет деп есептейді.

— Жаңақорғандағы емдік туризмнің тағы бір бағыты ретінде Қаратаудағы бұлақтарды қарастыруға болады. Соның бірі — Шалқия елді мекеніне қарасты Құттықожа ауылындағы Құттықожа бұлағының маңызы орасан. Әулие басында орналасқан бұл бұлақтың суың халық қасиетті санап, жаз мезгілінде арнайы келіп жатады. Көнекөз қариялар кез келген бұлақтың суында белгілі бір емдік қасиет бар деп есептеген. Ал Құттықожа бұлағы секілді табиғи орындар өңірімізде өте көп. Оның көпшілігі ерте көктемнен бастап, шілде айына дейін ағып жатады. Осындай орындарды зерттеп, тиісті инфрақұрылым қалыптастырып, емдік және сауықтыру туризміне пайдалануға болады деп есептеймін. Сондықтан алдымен мұндай табиғи орындардың су құрамын, емдік қасиетін мамандар тарапынан жіті зерттеу қажет. Ал туристік нысан ретінде дамыту үшін ең әуелі автокөлік жолдарын дұрыстау, санитарлық жағдай жасау, демалушыларға қажетті орындар мен қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету маңызды. Бұл — туризмді дамытудың ғана емес, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың және жергілікті кәсіпкерлікті жандандырудың бір жолы, — дейді өлкетанушы Әлімжан Ержанов.

Бұл тұрғыда ол өңірдің табиғи артықшылығын тиімді пайдаланып, оны жаңа деңгейге көтеру бағытында әлі де ауқымды жұмыстар атқарылуға тиіс екенін алға тартады. Сол арқылы елімізбен қатар, шетелдік саяхатшылардың да сұранысына ие туристік аймақ қалыптастыруға мүмкіндік артады деп есептейді.

Қорыта айтқанда, өңірлік шипажайларды тарихи-мәдени және экологиялық бағыттармен ұштастыру арқылы келушілердің қызығушылығын арттыруға мүмкіндік мол. Осы тұрғыдан алғанда, Жаңақорғанның табиғи байлығын тиімді пайдалану арқылы Сыр өңіріндегі туризмнің жаңа бағытын қалыптастыруға жол ашуға болады.

Аида ҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

SPORT STYLE

3 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

Алматылық «Қайраттың» биылғы еурокубоктағы жорығы Чемпиондар лигасынан басталып, Конференциялар лигасына ұласты. Қазақстан атынан Еуропаның клубтық додаларының күзгі кезеңінде қалған жалғыз команда енді «кәрі құрлықтың» бірқатар азулы клубымен күш сынасады. Дегенмен биылғы нәтиже «Қайраттың» еуропалық деңгейдегі әлеуетімен бірге әлсіз тұстарын да аңғартты. Командаға ендігі жерде жекелеген сәтті ойындар емес, тұрақты нәтиже қажет.



ЕУРОЖОРЫҚТАҒЫ СӘТСІЗ ҚАДАМ

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТОҚЫРАУ

Алматылық клуб Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде екі қарсыласын артта қалдырғанымен, үшінші айналымда Болгарияның «Левскиіне» жол берді. Түркістанда өткен қарымта кездесуде «Қайрат» 0:1 есебімен жеңіліп, екі матчтың қорытындысында 0:2 есебімен есе жіберді. Бұл кездесудің өзіндік қиындығы да аз болған жоқ. Ойын басталған тұста Түркістандағы ауа температурасы +38 градусқа дейін көтерілді. Оның үстіне, алматылық клуб шешуші кездесуді үйреншікті стадионында емес, басқа қалада өткізуге мәжбүр болды.

Матчтың тағдырын ерте соғылған жалғыз гол шешті. Ойынның 8-минутында Рейналдо кашықтан соққы жасап, Темірлан Анарбеков қорғаған қақпадан санылау тапты. Бұған дейін алаң иелері үшін тиімді шешілуі мүмкін төрешілік эпизод та болған. Александр Мрынскиймен қақтығысқан қарсылас ойыншыны алаңнан қууға негіз бар деп бағаланғанымен, неміс төрешісі Даниэль Зиберт сары қағазбен шектелді. Одан кейін «Қайрат» допка көбірек иелік етіп, таразы басын теңестіруге тырысты. Алайда шабуылдың соңғы нүк-

алғашқы таймдағы эпизодтардың бірінде төреші «Левски» футболшысына қызыл қағаз көрсетуі мүмкін еді. Егер болгариялық команда ойынның басынан он футболшымен қалған жағдайда кездесудің өрбуі де мүлдем басқа арнаға бұрылуы ықтимал еді. Алайда сарапшы жеңілісті тек төрешінің шешімімен байланыстыруға болмайтынын айтты. Негізгі айырмашылығының бірі — шабуылдағы креатив пен қосалқы құрамның мүмкіндігі. «Левски» бапкері ойыншыларын алмастырған кезде команда ойынының сапасы айтарлықтай төмендеген жоқ. Ал «Қайраттың» таңдау мүмкіндігі әлдеқайда шектеулі болды. Жоржиньо мен Александр Мартыновичтің көмегіне жүгіне алмауы, сондай-ақ Дастан Сәтпаевтың Англияға ауысуы команданың әлеуетіне әсер еткен.

Бесінші себеп — өз алаңынан тыс жерде ойнау. Сарапшы Алматыдағы 24 мың көрермен мен Түркістандағы шамамен 7 мың жанкүйердің қолдауы бірдей әсер



тесін қою жағы ақсады. Қарсылас айып алаңына дейін жеткенімен, қауіпті соққы мен нәтижелі шешім жетіспеді.

ЖЕҢІЛІСТІҢ БЕС СЕБЕБІ

«Қайраттың» Чемпиондар лигасынан шығып қалуы футбол мамандары мен жанкүйерлер арасында біраз талқыланды. «Серый CARDINAL» telegram арнасының авторы Евгений Гончаров алматылықтардың «Левскиден» өте алмауына әсер еткен бірнеше факторды атап көрсетеді. Оның пайымынша, ең алдымен екі команданың қазіргі мүмкіндігін таразылау керек. Болгариялық клуб ойыншыларының жалпы нарықтық құны «Қайрат» футболшыларынан шамамен төрт есе жоғары. «Левски» сапында 19 легионер бар, олардың арасында трансферлік құны 3 миллион еуроға бағаланатын ойыншылар да кездеседі. Яғни қағаз жүзінде де қарсыластың мүмкіндігі басым.

Сарапшы екінші бір фактор ретінде сәттілік пен ойын бойындағы толық концентрацияны атайды. Футболда кейде бір ғана сәт, сәтті серпілген доп немесе дер кезінде жасалған қимыл бүкіл кездесудің тағдырын өзгертіп жібереді. Оның пікірінше, «Қайратта» гол соғуға мүмкіндік болғанымен, кейбір эпизодтарда сәттілік жетіспеді. Ал жіберілген гол кезінде қақпашы Темірлан Анарбеков команданы құтқарып қала алмады.

Төрешілік те назардан тыс қалған жоқ. «Серый CARDINAL» авторының пікірінше,

бере алмайтынын алға тартады. Бұған Алматының орта таулы аймақта орналасуы да қосымша артықшылық береді. Мұндай жағдайда ойнауға үйренген «Қайрат» футболшылары үшін бұл фактор өз алаңындағы кездесулерде пайдасын тигізіп келген.

Чемпиондар лигасындағы жолын аяқтаған алматылықтар Еуропа лигасының іріктеу кезеңіне ауысты. Мұнда «Қайратты» Бельгияның «Андерлехті» күтіп тұрды. Алайда бұл қарсылас та осалдық танытпады. Екі кездесу де 3:0 есебімен бельгиялық клубтың пайдасына шешілді. Осылайша, «Қайрат» Конференциялар лигасына түсті. Бір қарағанда, Чемпиондар лигасынан басталған сапардың үшінші деңгейлі еурокубokka дейін сырғуы сәтсіздік болып көрінуі мүмкін. Алайда биыл Қазақстан клубтарының арасынан еурокубоктың күзгі кезеңіне жеткен жалғыз команда — «Қайрат». Сондықтан ендігі міндет турнирге қатысумен шектелмей, нақты нәтиже көрсету болмақ.

Жеребе де алматылықтарға онай қарсыластарды берген жоқ. «Қайрат» сырт алаңда Италияның «Аталантасы», Нидерландтың «Твентесі» және Латвияның «Ригасымен» кездеседі. Ал Алматыда Грекияның «Панатинаикосын», Румынияның «Университатя Крайовасын» және Швецияның «Мьельбюін» қабылдайды. Әсіресе «Панатинаикоспен» кездесу қазақстандық жанкүйерлер үшін қызық болмақ. Грек клубының сапында Еуропа футболында есімі белгілі

ойыншылар бар. Франция құрамасында 71 кездесу өткізген Мусса Сиссоко мен Нидерланд құрамасының тәжірибелі қорғаушысы Стефан де Врей секілді футболшылардың Алматыға келуі — «Қайраттың» жас ойыншылары үшін де үлкен мектеп.

«МЫҚТЫ БАПКЕР КЕРЕК»

Дегенмен мәселені бір маусымдағы қарсыластардың атағымен немесе бірнеше матчтың нәтижесімен ғана өлшеу жеткіліксіз. Спорт журналисі Ермұхаммед Мәулен «Қайрат» келесі деңгейге көтерілгісі келсе, еурокубоктағы жетістікті кездейсоқ құбылыс емес, тұрақты үрдіске айналдыруы қажет деп есептейді.

— «Қайрат» ары қарай дамығысы келсе, Чемпиондар лигасы болмаса да, Еуропа лигасына тұрақты түрде шығып тұруы қажет. Оған кіргеннен кейін де үш-төрт команданы жеңіп, абыройлы нәтиже көрсету керек. Академиядан түлеп ұшқан ойыншылардың деңгейін көтеру үшін де мықты бапкер қажет, — дейді Е.Мәулен.

Расында, «Қайраттың» басты артықшылығының бірі — өзінің футбол академиясы. Соңғы жылдары клуб жүйесінен шыққан жас ойыншылар негізгі құрамға қосылып, халықаралық деңгейде де көзге түсе бастады. Бірақ талантты футболшы тәрбиелеу бір бөлек те, оны Еуропаның жоғары қарқынына бейімдеп, тұрақты деңгейге жеткізу — екінші мәселе. Бұл үшін ішкі бәсеке, тәжірибелі ойыншылар мен сапалы бапкерлік мектеп қатар жүруі қажет. Ермұхаммед Мәулен осы тұста команда тізгінін тәжірибелі еуропалық маманға сеніп тапсыру мәселесін көтереді.

— Қазақстанда үш жыл қатарынан командасын чемпиондыққа сүйреп жатқан бапкер жоқ. «Қайратқа» атакты, еуропалық бір маман келсін. Ал қазіргі бас бапкер Рафаэль Уразбахтин соның көмекшісі болса деймін. Уразбахтин академиядан шыққан ойыншыларды жақсы біледі. Сондықтан олардың әрі қарай дамуына көмегін тигізер еді, — дейді спорт журналисі.

Әрине, бапкер ауыстыру барлық мәселені бір сәтте шешетін сикырлы тетік емес. Оның үстіне, Рафаэль Уразбахтиннің тұсында «Қайрат» еурокубоктың күзгі кезеңіне дейін жетіп отыр. Бірақ «Левски» және «Андерлехтпен» болған кездесулер қазақстандық клуб пен Еуропаның бәсекеге қабылетті командалары арасындағы айырмашылықтың әлі де бар екенін көрсетті. Әсіресе қосалқы құрамның тереңдігі, шабуылды нәтижелі аяқтау және жоғары қарқынды 90 минут бойы ұстап тұру мәселесі анық байқалды.

«Қайраттың» биылғы еурокубок жолы осы тұрғыдан клубқа көп нәрсені көрсетіп берді. Чемпиондар лигасындағы «Левски», Еуропа лигасындағы «Андерлехт» команданың қай тұста ақсайтынын аңғартса, Конференциялар лигасы сол кемшіліктерден қаншалықты қорытынды шығарылғанын көрсететін алаң болмақ.

VI КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ: АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?



Бішкекте VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтіп жатыр. Жарыстың алғашқы күнінде қазақстандық спортшылар бірнеше спорт түрінен бақ сынады. Халықаралық дода 6 қыркүйекке дейін жалғасады.

Қазақстан құрамасы жарыс бағдарламасына енгізілген 42 спорт түрінен 152 спортшымен қатысып жатыр. Ойындардың ашылу салтанатында Қазақстанның мемлекеттік туын көкпардан әлем чемпионы, ұлттық құраманың капитаны Тұрғанбек Құрманбек алып шықты. Жарыстың алғашқы күнінде қазақстандықтар ордо, тоғызқұмалақ, қураш, гореш және монғол боxy бойынша өнер көрсетті. Тоғызқұмалақтан жарыс 6 қыркүйекке дейін жалғасады.

Күрес түрлерінен Қазақстан құрамасының өкілдері жүлдеге жете алмады. Қураштан Нұрдіәулет Жарылғапов ирандық балуаннан жеңілді. Монғол боxтан Амангелді Ерасыл, горештен Мадияр Абдрахманов қарсыластарына есе жіберді. Осылайша, аталған үш күрес түрінен қазақстандық спортшылар үшін жарыс аяқталды. Кеше, 2 қыркүйекте, Қазақстан құрамасы көкпар, көкбөрі, эр эниш (аударыспақ), алыш, овари, мангала, тоғызқұмалақ, ат марафоны, ордо, құсбегілік, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату, таяқ тарту, арқан тарту, сумо, стронгмен және омыртқа сындыру бойынша сынға түсті. Қазақстан құрамасы аударыспақтан екі алтын медаль иеленді. 60 келіге дейінгі салмақта Нұрталап Керім, 70 келіге дейінгі салмақта Сайлау Мұхамеджан жеңімпаз атанды.

РЫБАКИНА ЕКІНШІ АЙНАЛЫМҒА ӨТТІ

Қазақстанның бірінші, әлемнің 2-ракеткасы Елена Рыбакина АҚШ ашық чемпионатының екінші айналымына шықты.

Қазақстандық теннисші бастапқы матчын рейтингіде 585-орындағы америкалық, «Үлкен дулыға» турниріне алғаш рет қатысқан 17 жастағы Теа Фродинмен өткізді. Бұл қос спортшының өзара алғашқы кездесуі еді. Бірінші партияда есеп 3:2 болған мезетте Рыбакина брейк жасап, сол қарқын сақтай алды — 6:3. Екінші сетте Елена 2:0 есебімен алға кетті. Содан кейін тағы бір брейкпен есепті 5:1-ге жеткізді. Ақыры матчты жеңіспен түйіндеді — 6:2.

Бір сағат 11 минутқа созылған бәсекеде Рыбакина 6 эйспен бірге 6 брейк-пойнттың шешуін өз есебіне жазды. Фродин 11 эйс жасағанымен, 2 брейк-пойнтты пайдалана алмады. Елена Рыбакина үшінші айналымға шығу үшін әлемнің 105-ракеткасы, испаниялық Джессика Бузас Манейро немесе рейтингіде 75-сатыдағы чехиялық Дарья Видманованың жеңгенімен таласады.

Қазақстандық теннисші ойыннан соң әлемдік рейтингіде көш бастауға қол жеткізсе, бұл үлкен табыс болатынын мәлімдеді. Е.Рыбакина АҚШ ашық чемпионатында жартылай финалға дейін жетсе, бірінші ракетка атанады.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА БАҚ СЫНАЙДЫ



Ашық суда жүзуден Аргентинаның Санта-Фе қаласында өтетін жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатына қатысатын Қазақстан құрамасының тізімі белгілі болды.

Әлем чемпионатында Қазақстан намысын бес спортшы қорғайды: Саида Елемес, Ярослав Губарев, Тимофей Лебедев, Руслан Максимов, Дарина Сысоева.

Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты 3-6 қыркүйек аралығында өтеді. Жарыс бағдарламасына 5, 7,5 және 10 шақырымдық қашықтықтар, 3 шақырымдық нокаут-спринт, сондай-ақ аралас эстафеталар енгізілген.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албап АЛТЫНСАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ерболат ЖАҒАПАСБAY – Қызылорда облысы
Баыр ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСЫНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4784

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.

• Көлемі үш компьютерлік беттен астам материалдар қабылданылмайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ